Сәулет, қала құрылысы және құрылыс
саласындағы мемлекеттік нормативтер
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ

Государственные нормативы в области
архитектуры, градостроительства и строительства
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ. ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ

ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВО. ПЛАНИРОВКА И ЗАСТРОЙКА ГОРОДСКИХ И СЕЛЬСКИХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013*
СП РК 3.01-101-2013*

Ресми басылым
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі
Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті

Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства промышленности и строительства Республики
Казахстан

Астана 2026

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013*
СП РК 3.01-101-2013*

АЛҒЫ СӨЗ

1	**ӘЗІРЛЕГЕН:**	«ҚазҚСҒЗИ» АҚ
2	**ҰСЫНҒАН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
3	**БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:**	Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі Уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыныз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің техникалық және лингвистикалық тексеру жүргізу тапсырмасына (2016 жылғы 7 қарашадағы № 38-02-5-1542 хаты) сәйкес құжат мәтіні өзгертілді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2017 жылғы 10 қазандағы №214-НҚ, 2018 жылғы 5 наурыздағы № 45-НҚ, 2018 жылғы 29 тамыздағы №185-НҚ, 2018 жылғы 9 қазандағы №215-НҚ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №46-НҚ, 2019 жылғы 25 желтоқсандағы №228-НҚ, 2020 жылғы 8 қыркүйектегі №126-НҚ және 2021 жылғы 27 сәуірдегі №54-НҚ, 2021 жылғы 9 шілде №98-НҚ, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2024 жылғы 7 маусымдағы №91-НҚ, 2025 жылғы 2 маусымдағы №84-НҚ, 2026 жылғы 26 мамырдағы №57-НҚ, 2026 жылғы 25 қыркүйектегі №117-НҚ және 2026 жылғы 1 қазандағы №119-НҚ бұйрықтарына сәйкес өзгертулер мен толықтырулар енгізілді.

ПРЕДИСЛОВИЕ

1	**РАЗРАБОТАН:**	АО «КазНИИСА»
2	**ПРЕДСТАВЛЕН:**	Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
3	**УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:**	Приказом Комитета по делам строительства жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан от «29» декабря 2014 года № 156-НҚ с 1 июля 2015 года

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения Уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

Текст документа откорректирован в соответствии с поручением Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан (письмо № 38-02-5-1542 от 7 ноября 2016 года) по технической и лингвистической проверке.

Внесены изменения и дополнения в соответствии с приказами Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан от 11 октября 2017 года №214-НҚ, от 5 марта 2018 года №45-НҚ, от 29 августа 2018 года №185-НҚ, от 9 октября 2018 года №215-НҚ, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 1 апреля 2019 года №46-НҚ, от 25 декабря 2019 года№228-НҚ, от 8 сентября 2020 года №126-НҚ, от 27 апреля 2021 года №54-НҚ, от 09 июля 2021 года №98-НҚ, Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства промышленности и строительства Республики Казахстан от 07 июня 2024 года №91-НҚ, от 02 июня 2025

года №84-НҚ, от 26 мая 2026 года №57-НҚ, от 25 сентября 2026 года №117-НҚ и от 1 октября 2026 года №119-НҚ.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ V
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ 1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР 1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР 3
4 ҚОҒАМДЫҚ-ІСКЕРЛІК АЙМАҚТАР МЕН ТҰРҒЫН ҮЙ АЙМАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 3
5 ӨНДІРІС АЙМАҚТАРЫН, КӨЛІК ЖӘНЕ ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ АЙМАҚТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 14
6 ДЕМАЛУҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ЖӘНЕ АЙРЫҚША КҮЗЕТІЛЕТІН АЙМАҚТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 18
7 ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕКЕМЕЛЕРІ МЕН КӘСІПОРЫНДАРЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 22
8 КӨЛІК ПЕН КӨШЕ ЖОЛДАРЫ ЖЕЛІЛЕРІН ЖОБАЛАУ МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 26
8-1 Демалыс орындарын және курорттық аймақтарды жобалау ережелері 62
9 ИНЖЕНЕРЛІК ЖАБДЫҚТАРДЫ ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 59
10 АЙМАҚТЫҢ ИНЖЕНЕРЛІК ДАЙЫНДЫҒЫ МЕН ҚОРҒАНЫСЫН ЖОБАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ 78
11 Қоршаған ортаны қорғау бөлімін әзірлеу қағидалары 88
12 Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау 90
13 Өртке қарсы талаптар 90
А қосымшасы (ақпараттық) Қалақұрылысы функционалды аймақтары құрылысы тығыздығының нормативтік көрсеткіштері 90
Б қосымшасы (ақпараттық) Аулалық және пәтер маңындағы жер бөлімдерінің өлшемі 92
В қосымшасы (ақпараттық) Мекемелердің Есептік нормасы және кәсіпорындардың қызметі және жер телімдерінің көлемі 95
Г қосымшасы (ақпараттық) Автомобилдік жолдар мен қала маңындағы зоналардың санаты мен параметрлері және жайғастыру жүйесі 114
Д қосымшасы (ақпараттық) Автотұрақтармен қамтамасыз ету нормасы 115
Е қосымшасы (ақпараттық) Гараждардың жер учаскелерінің нормасы және көлік құралдарының саябақтары 121
Ж қосымшасы (ақпараттық) Тұрмыстық қалдықтар жинақтау нормасы 122
И қосымшасы (ақпараттық) Электрді тұтынудың іріленген көрсеткіштері 123
К қосымшасы (ақпараттық) Жаяу жүргіншілер өткелілерін жобалау ережесі 125
Л қосымшасы (ақпараттық) Көлік құралдарының бастапқы есеп беру бланкісі 133

КІРІСПЕ

Осы Ережелер жинағы деп аталатын құрылыс салу нормаларының негізі болып табылатын міндетті талаптарды дамыту мен қамтамасыз ету мақсатында жасалды және жобалаудың жарамды шешімдерін сипаттайды.

Осы Ережелер жинағы деп аталатын құрылыс салу нормаларының міндетті талаптарын қамтамасыз ету мен дамуына өзін-өзі ақтаған және тәжірибе жүзінде сынақтан өткен ережелерді белгілейді.

«Нормативтік сілтемелер» бөлімінде келтірілген техникалық құжаттар және басқа да нормативті актілермен бірлесе қолданылатын осы Ережелер қалалық және елді мекендерді жоспарлау мен құрылыс салу саласында қолдануға ұсынылатын өзара байланысты құжаттардың кешенін жасайды.

ҚР ЕЖ 3.01-101-2013*
СП РК 3.01-101-2013*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕЛЕР ЖИНАҒЫ
СВОД ПРАВИЛ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ. ҚАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ЖОСПАРЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ

ГРАДОСТРОИТЕЛЬСТВО. ПЛАНИРОВКА И ЗАСТРОЙКА ГОРОДСКИХ И СЕЛЬСКИХ НАСЕЛЕННЫХ ПУНКТОВ

Енгізілген күні - 2015-07-01

1 Қолдану саласы

1.1 Осы Ережелер жинағы деп аталатын құрылыс салу нормаларының талаптарын дамытуға жасалған.

1.2 Ережелер жинағын жасаудағы басты мақсат қалалық және елді мекендерді жоспарлау және құрылыс салуды жобалау үдерістерінің жарамды шешімдерін пайдаланушыға көмек үшін сипаттап беру болып табылады.

Жарамды шешімдер құрылыс салу нормалары талаптарын орындаудың бірден-бір тәсілі болып табылмайды.

1.3 Осы Ережелер жинағы елді мекендерді тұрақты дамыту, халықтың денсаулығын сақтау үшін қажетті тіршілік ету жағдайларын қамтамасыз ету мен қоршаған табиғи ортаны техногендік факторлар әсерінен қорғау, сонымен бірге Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген халықтың аз жұмылдырылған топтарына әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету, инженерлік және көлік инфрақұрылымы, абаттандыру нысандарымен қамтамасыз ету жайын қоса азаматтардың әлеуметтік кепілдік жағдайын жасауды жүзеге асыру мақсатында қалалық және елді мекендерді жоспарлау мен құрылыс салуға ұсынымдық сипатқа ие.

2* Нормативтік сілтемелер

Осы ережелер жинағын қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 22 маусымдағы «Магистральдық құбыр туралы» Заңы.

ҚР ҚН 2.03-02-2012 «Су баскқан және судың деңгейі көтерілген аймақтардағы инженерлік қорғау».

ҚР ҚН 3.01-02-2012 «Жеке тұрғын құрылыс салу аудандарын жоспарлау және құрылысын салу».

ҚР ҚН 3.02-07-2014 «Қоғамдық ғимараттар мен имараттар».

ҚР ҚН 3.02-10-2011 «Мектепке дейінгі білім беру объектілері».

ҚР ҚН 3.02-01-2023 «Көп пәтерлі тұрғын ғимараттар».

ҚР ҚН 3.03-01-2013 «Автомобиль жолдары».

Ресми басылым

ҚР ҚН 4.02-05-2013 «Қазандық құрылғылары».

ҚР ҚН 4.02-01-2011 «Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу».

ҚР ҚН 3.03-12-2013 «Көпірлер мен құбырлар».

ҚР ҚН 2.03-01-2011 «Аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар».

ҚР ҚН 2.03-07-2013 «Сейсмикалық аудандарда электр желілік объектілердің құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.01-03-2011 «Өнеркәсіптік кәсіпорындардың бас жоспарлары».

ҚР ҚН 3.03-07-2012 «Технологиялық жобалау. Стационарлық типтегі автожанармай станциялары».

ҚР ҚН 3.03-04-2011 «Жылдам көлік жүйелері. Жобалау нормалары».

ҚР ҚН 3.03-03-2014 «Қатты жол киімдерін жобалау».

ҚР ҚН 4.01-03-2013 «Сумен жабдықтау мен кәріздің сыртқы желілері мен имараттары».

ВҚН 25-86 «Автомобиль жолдарында қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулар».

МҚЖ 2.02-05-2000* «Автомобиль тұрағы».

МҚЖ 2.03-02-2002 «Аумақтарды, ғимараттар мен құрылыстарды қауіпті геологиялық процестерден инженерлік қорғау. Жобалаудың негізгі ережелері».

МҚЖ 2.04-03-2005 «Шудан қорғау».

МҚЖ 4.03-01-2003 «Газ тарату жүйелері».

ҚР ЕЖ 4.04-103-2013 «Жайлылығы жоғары қалалық пәтерлер мен коттеджердің электр жүктемелерін есептеу ережесі».

ҚР ЕЖ 2.03-30-2017 «Сейсмикалық аймақтарда құрылыс».

ҚР ЕЖ 2.03-101-2012 «Қазбалы аймақтарда және отырмалы топырақтарда орналасқан ғимараттар мен имараттар».

ҚР ЕЖ 2.03-102-2012 «Су басқан және судың деңгейі көтерілген аймақтардағы инженерлік қорғау».

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013 «Автомобиль жолдары».

ҚР ЕЖ 3.01-102-2012 «Жеке тұрғын құрылыс салу аудандарын жоспарлау және құрылысын салу».

ҚР ЕЖ 3.03-112-2013 «Көпірлер мен құбырлар».

ҚР ЕЖ 3.02-107-2014 «Қоғамдық ғимараттар мен имараттар».

ҚР ЕЖ 3.02-110-2012 «Мектепке дейінгі білім беру объектілері».

ҚР ЕЖ 3.02-101-2012 «Көппәтерлі тұрғын ғимараттар».

ҚР ЕЖ 3.03-103-2014 «Қатты жол киімдерін жобалау».

ҚР ЕЖ 3.03-107-2013 «Стационарлық типтегі автожанармай станциялары».

ҚР ЕЖ 4.01-103-2013 «Сумен жабдықтау мен кәріздің сыртқы желілері және имараттары».

ҚР ЕЖ 4.02-101-2012 «Ауаны жылыту, желдету және кондиционерлеу».

ҚР ЕЖ 4.02-105-2013 «Қазандық құрылғылар».

ҚР ЕЖ 4.04-104-2013 «Қалаларды, поселкелерді және ауылдық елді мекендерді сыртқы электрмен жарықтандыру».

ҚР ЕЖ 4.04-106-2013 «Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың электр жабдықтары. Жобалау ережелері».

ҚР СТ МЕМСТ Р 51232-2003 «Ауыз су. Бақылау. Сапа бақылауының ұйымдастырылуына және әдісіне жалпы қойылатын талаптар».

Электр қондырғыларын орнату қағидаларын бекіту ҚР ЭОЕ., Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 230 бұйрығы.

МЕМСТ Р 52289-2019 «Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары.

Жол белгілерін, таңбаларды, бағдаршамдарды, жол қоршауларын және бағыттаушы құрылғыларды қолдану ережесі».

МЕМСТ Р 52282-2004 «Жол қозғалысын ұйымдастырудың техникалық құралдары. Жол бағдаршамдары. Түрлері және негізгі параметрлері. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері».

МЕМСТ 9238-2022 «Ені 1520 мм теміржолдардың құрылыстарды жақындату және жылжымалы құрамының габариттері.

ҚР СТ 4044-2026 «Бейнебақылау жүйелері. Бейнекамералардың түрлері мен орналастырылуына қойылатын талаптар.»

Ескертпе - Осы нормалар мен ережелерді қолдану кезінде ағымдағы жылдың жағдайы бойынша жыл сайын құрастырылатын және ай сайынғы жарияланған ақпараттық бюллетеньдер - ағымдағы жылы шығарылатын журналдар мен ақпараттық көрсеткіштер «Қазақстан Республикасы аумағында сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласында қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар тізбесі», «Қазақстан Республикасы стандарттау бойынша нормативтік құжаттардың көрсеткіші» және «Қазақстан Республикасы стандарттау бойынша мемлекетаралық нормативтік құжаттардың көрсеткіші» бойынша сілтеме құжаттардың қолданылуын тексерген жөн. Егер сілтеме құжаты ауыстырылса (өзгертілсе), онда осы нормативпен пайдалану кезінде ауыстырылатын (өзгертілетін) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжаты ауыстырусыз күшін жойса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлігінде қолданылады.

(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 25.09.2026 ж. №117-НҚ бұйрық)

3 Терминдер мен анықтамалар

Бұл Ережелер жинағында «Нормативтік сілтемелер» бөліміне енгізілген нормативті-құқықтық актілер мен нормативті-техникалық құжаттар алынған терминдер және сәйкес анықтамалары бар төмендегі термин пайдаланылған:

Стандарт аймақтар: Елді мекендердің әрбір аймағы үшін берілген жер телімдерінің параметрлерін анықтайтын «Жерді пайдалану мен құрылыс салу Ережелері» бөлімі (ғимараттың көлемі мен жер телімінің көлемі арасындағы, жергілікті қала құрылысы жағдайлары мен құрылыс салу тығыздығы арасындағы сандық тәуелділік).

4 Қоғамдық-іскерлік аймақтар мен тұрғын үй аймақтарын ұйымдастыру ережелері

4.1 Тұрғын үй аймақтары

4.1.1 Тұрғын үй аймағын ұйымдастыруды жоспарлау кезінде төмендегідей құрылымдық жоспарлаушы элементтерді бөліп көрсету қажет:

- көшелермен бөлшектенбеген, құрылымында тұрғын үй құрылысы, қоғамдық әлеуметтік-кепілдік қызмет көрсету нысандары орналасқан территория-10 дейін (орам);

- 11-50 дейін (орамдар тобы мен ықшам аудан) – тораптық және аудандық көшелермен бөлшектенбеген, аумағында тұрғын үй, әлеуметтік-тұрмыстық мекемелер, оқу-тәрбие мекемелері, тұру қызметіне қайшы келмейтін өзге де нысандар орналасқан территория.

- 50 гектардан жоғары (микроаудандар тобы немесе тұрғын үй ауданы) – жалпы қалалық мәні бар көшелер және тораптық көшелермен бөлшектенбеген, аумағында тұрғын үй, қоғамдық-іскерлік, өндіріс нысандары, коммуналдық қызмет көрсету нысандары, аудандық маңызы бар жалпы пайдаланыстағы көгалдандырылған аумақтар.

4.1.2 Тұру аймағы құрамына кіре алады:

- аса көп қабатты тұрғын үй құрылысын салу аймағы (12 қабаттан жоғары);
- көп қабатты тұрғын үй салу аймағы (6-12 қабат);
- орта қабатты тұрғын үй салу аймағы (4-5 және 6 қабат);
- пәтерлік жер телімдері бар аз қабатты тұрғын блокадаланған үйлер аймағы (1-3 қабатты);
- үй-жайлық жер телімі бар жеке бір пәтерлі аз қабатты үйлер аймағы (1-3 қабатты);
- қала маңындағы және ауылдық жерлердегі кіші кәсіпкерлік қызмет нысандары үшін 1 не одан көп жеке пәтерлік аз қабатты үйлер аймағы;

Тұрғын үй аумағында төмендегілер де орналаса алады:

- осы нормативтік құжаттың 10 бөлімі талаптарын ескере отырып, жеке тұрған немесе жапсарлай салынған халыққа қызмет ететін әлеуметтік және мәдени-тұрмыстық нысандар;
- азаматтарға тиісілі жеңіл автокөліктер үшін автотұрақтар мен гараждар;
- қабылданған жобалық шешімге байланысты діни нысандар.

Әдетте жер көлемі 0,5 га аспайтын қоғамдық-іскерлік және коммуналдық қызметке арналған жекелеген нысандарды, сонымен қатар өздеріне белгіленген жер телімдері шегінен әрі қарай қоршаған ортаға зиянды әсерін тигізбейтін (шу, тербеліс, магниттік өріс, радиациялық жер, топырақты, ауаны, суды ластау және өзге де зияндық әсерлер) кіші өндірістер. Оған қоса көрсетілген нысандардың үлесі тұрғын үй құрылысының жалпы территориясының 10%-нан аспауы керек. Қоршаған ортаны ластау көзі болып табылмайтын нысандар үшін тазалық-қорғаныс аймақ көлемі 25м аспауы тиіс.

6 қабатты құрылыста 6 мансардтық қабаттағы пәтерлер 5 қабаттағы пәтерлердің екінші деңгейі болып табылатын жағдайда орта қабатты құрылыс аймағы деп есептеуге рұқсат етіледі.

Ескертпелер

1 Қала құрылысы құжаттарында тиісті негіздеу болған жағдайда тұрғын үй құрылысы типологиясын нақтылауға, сонымен қатар тұрғын үй құрылысы аймағында жекелеген нысандарды орналастыру бойынша қосымша шектеулер қарастыруға жол беріледі.

2 Кіші кәсіпкерлік қызмет нысандарын орналастыру кезінде тазалық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды сақтау керек.

3 Сейсмикалылығы 7-9 баллды құрайтын аудандарға орналасқан қалалар үшін тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттардың қабаттылығы мен орналасуын и ҚР ҚЖ 2.03-30, ҚР ҚН 2.03-07 (1,2 Қосымшалар) талаптарын ескере отырып қарастыру қажет.

4.1.3 Тұрғын үй аймағының жалпы көлемін алдын-ала анықтау үшін 1000 адамға есептегендегі ұлғайтылған көрсеткіштерді қабылдауға рұқсат етіледі:

қалаларда, га:

1) үй жанындағы құрылысы басым аудандар үшін-35-40;
2) 3 қабатқа дейінгі құрылыста:
   - жер телімінсіз 10-11;
   - жер телімімен 20-22;
3) 4-тен 8 қабатқа дейінгі құрылыста 8-9;
4) 9 қабат және одан жоғары құрылыста- 7-8;

ауылдық елді мекендерде, га:

- үй жанындағы құрылысқа артықшылығы 40-65.

Тұрғын үй аймағы территориясының көлемін анықтау кезінде тұрғын үй

құрылысының мемлекеттік бағдарламасын сатылап жүзеге асыру қажеттілігін ескеру керек. Тұрғын үй қоры көлемі мен оның құрылымы, тұрғындардың отбасы құрамы, оның табыс деңгейі, бар және алда болатын үй-жаймен қамтамасыз етілуі жайлы нақты және болжал мәліметтерді талдау негізінде, әрбір отбасының жеке пәтермен немесе үймен қамтамасыз ету қажеттілігін, сонымен қатар көлікпен қамтамасыз етілу деңгейін ескере отырып анықталады. Мемлекеттік тұрғын үй қоры үшін Қазақстан Республикасының тұрғын үй қатынасы жайлы заңымен және ҚР ҚНжЕ 3.02-43 сәйкес үй беру нормаларын ескере отырып.

Ескертпе – Ірілендірілген көрсеткіштер 1 адамды 20 м^2 тұрғын үй көлемімен қамтамасыз етілуінің орташа есебінен келтірілген. Негізді дәйектемелер болған жағдайда тұрғын үймен қамтамасыз етілудің орташа есептік көрсеткішін тұрғын үй аймағының жалпы көлемін анықтау үшін олардың ірілендірілген көрсеткіштерінің тиісті өзгертулерімен нақтылауға болады.

4.1.4 Тұрғын үй құрылысы көлемі мен тұрпаттарының есептік көрсеткіштері тұрғындардың қалыптасқан және болжанған әлеуметтік-демографиялық жағдайлары мен табыстарын ескере отырып, шығарылуы керек. Сонымен 1 кестеге сәйкес жайлылық деңгейі бойынша жіктелген тұрғын үйлердің әр түрлі тұрпаттарын қарастыру ұсынылады. Тұрғын үймен қамтамасыз етілудің орташа есептік көрсеткіші жайлылығы әр түрлі деңгейдегі тұрғын үйлер мен пәтерлердің арақатынасына байланысты және есеппен анықталады.

Қажетті мәліметтер болмаған жағдайда жайлылығы әр түрлі тұрпаттағы және топтағы тұрғын үйлер мен пәтерлердің саны және ауданын ҚР ҚНжЕ 3.02-43 мен сәйкес қабылдау керек.

1-кесте - Жайлылық деңгейі бойынша жіктелген тұрғын үй ғимараттарын топтастыру

Тұрғын үй ғимарат-тарын топтастыру	1 адамға есептегенде-гі үй мен пәтердің ауданының нормасы, м.кв.	Ұсынылатын бөлме саны	Тұрғын үй мен пәтерге қоныстану формуласы
I класс	25-тен жоғары	1-7	k=n+2; k>(n+2)
II класс	19-дан 25-ке дейін	1-6	k=n+1 k=n+2
III класс	16-дан 18-ге дейін	1-4	k=n k=n+1
IV класс	15	1-2	k=n-1 k=n

Ескертпелер

1 Пәтердегі немесе тұрғын үйдегі бөлмелердің жалпы саны *(k)* мен онда тұратын адам саны *(n).*

2 Алымында –бірінші кезекке, бөлгішінде-есептік мерзімге.

3 Көрсетілген нормативтік көрсеткіштер нақты қоныстану нормаларын белгілеу үшін негіз бола алмайды.

4.1.5 * Тұрғын үйді қайта жаңғырту кезінде, әдетте, қолданыстағы тұрғын үй мен қоғамдық құрылыстар сақталуы және жаңғыртылуы керек. Тазалық-эпидемиологиялық және өртке қарсы талаптарды, сонымен қатар осы нормативтік құжаттың талаптарын сақтай отырып, жаңа ғимараттар мен құрылымдарды салуға, қолданыстағы үйлер мен қоғамдық ғимараттардың төменгі қабаттарын функциялық пайдаланылуын өзгертуге, ғимаратты биіктетуге, мансардтық қабат жасауға рұқсат етіледі.Сонымен қоса осы нормативтік құжаттың 7 бөлімі талаптарына сәйкес халыққа қызмет көрсетудің нормативтік деңгейін, сонымен қатар табиғаттың, тарих пен мәдениеттің ерекше

күзетілетін нысандарын сақтай отырып, инженерлік және көліктік инфрақұрылымдарды жаңғыртуды қамтамасыз ету қажет.

Өндірістік ғимараттарды орналастыру кезінде осы нормативтік құжаттың 5 Бөлімі талаптарын басшылыққа алу қажет.

Жерасты кеңістігінде қабатты құрылыс алаңының жиынтығы орасан зор және ірі қалалар үшін қаланың орталық ауданында және қала құрылысы тораптарында құрылыстың жерүсті бөлігінде қабатты алаңының жиынтығы 30 % дейін, шеткі аудандарында - 10 % дейін және аралық аудандарында 20 % дейін болады. Жерасты кеңістігін игеру көлемі тиісті негіздемелер болғанда қала құрылысының қажеттілігіне байланысты жобалау шешімімен нақтылануы мүмкін ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық).***

4.1.6 Тұрғын үй аймағы аумағы функционалды-жоспарлы тұрғын үй құрылымдары түрде ұйымдастырылады: орамдар (ықшамаудан) және кісі тұратын аудан көлемі.

4.1.7 Орамдар (ықшамаудан) әдетте, 10-нан 100 га дейінгі аумақтағы тұрғын аудан құрылысының негізгі жоспарлы элементі. Орамдар (ықшамаудан) қолжетімділігі 500 м аспайтын радиуста жақындастырылған және тұрғындарға күнделікті қызмет ететін тұрғын үйлер мен нысандардың топтарын орналастыруға арналған (қызмет көрсету радиусы 42 және 43 кестелер бір атаулы нормативтік құжатқа сәйкес анықталатын жалпы білім беретін мектептерден, мектепке дейінгі мекемелерден басқа).

4.1.8 Орамдар (ықшамаудан) аумағының шекарасы, әдетте, жалпықалалық, аудандық маңызы бар тораптардың және кісі тұратын көшелердің қызыл сызықтары, сонымен қатар, табиғат нысандарының табиғи шебі мен өзге функционалдық міндеттегі аумағының шекаралары болып табылады.

4.1.9 Ормандардың есептік территориясына тұрғын үй, аралас тұрғын үй құрылыстары мен жалпы пайдаланыстағы территориялар кіреді (мектепке дейінгі мекемелердің, жалпы білім беретін мектептердің, күнделікті қызмет көрсету мекемелерінің, коммуналдық нысандардың, автотұрақтардың телімдері, егілген жас ағаштардың, оның ішінде баулардың, шағын бақтардың, желекжолдардың, көшелердың, ашық типтегі автотұрақтардың аумақтары).

4.1.10 Орамдар (ықшамаудан) территориясына кіші бизнес нысандары мен міндетті қызмет көрсету мекемелері кешенін толықтыратын қуаттылығы төмен, экологиялық тұрғыда зиянсыз өндіріс кәсіпорындарын орналастыруға рұқсат етіледі.

4.1.11 Мектепке дейінгі мекемелерге қажеттік жобаға дейінгі зерттеулердің көрсеткіштері бойынша нақты демографиялық жағдайларға сәйкес анықталады. Мектепке дейінгі мекемелерді жобалау 3.02-24 ҚР ҚНжЕ сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі мекемелерді, әдетте, жекеленген жер телімдерінде жобалаған дұрыс.

4.1.12 Кісі тұратын аудан-аумақтар көлемі, әдетте, 100-ден 300 га дейін болуға тиіс тұрғын үй құрылысының негізгі жоспарлы элементі. Кісі тұратын аудан оларға қызмет ететін нысандары бар шағын аудандарды, орамдардың топтарын, сонымен қатар көпшілік пайдаланатын тұрғындар тұратын аудандағы нысандарды және коммуналдық құрылымдарды, табиғи нысандар (парк, бульвардар және б.), көшелерді, алаңдар мен автотұрақтарды орналастыруға арналған.

Тұрғындар тұратын аудан территориясының шекарасы жалпықалалық маңызы бар тораптардың, темір жол желілерінің, өзге функционалды міндеттердегі аумақтардың, сонымен қатар табиғи нысандар аумақтарының шекаралары болып табылады.

Ескертпелер

1 Тұрғындар тұратын аудан, орамдар (ықшамаудан) қала құрылысын жоспарлаудың кешенді сызбасы құжаттарының және аумақты жоспарлау бойынша құжаттардың нысаны болып табылады.

2 Тұрғын үйлер топтары аумақтары, әдеттегідей, 10 га-дан аспауы керек.

4.1.13 Тұрғындар тұратын аудан аумақтарының тиісті дәйектемелер болған жағдайда жекеленген телімдеріне қоғамдық, өндірістік, қалалық маңызы бар табиғи-дем алу учаскелерін орналастыруға рұқсат етіледі.Сонымен тұрғындар тұратын аудан құрылысы қорындағы кісі тұрмайтын нысандар қорының үлесі 30% аспауы керек, ал кісі тұрмайтын нысандар аумағы кісі тұратын аудан аумақтарының 15% аспауы керек.

4.1.14 Кісі тұратын ауданның есептік балансына енгізілмейтін аймақтар:

- инженерлік коммуникацияның техникалық аймағы мен ЭТЖ-нің және жоғары қысымдағы газ құбырының техникалық дәлізі.
- өндірісттік кәсіпорындардың, тұрғындар тұратын ауданның коммуналдық нысандарын орналастыру үшін пайдаланылмайтын санитариялық-қорғаныс аймақтары;
- ерекше күзетілетін табиғи территориялар, өндірістік аймақтар.

Ескертпе – Тұрғындар тұратын аудан аумағы балансында 5.28 келтірілген аймақтар ауданы ақпараттық сипаттағы көрсеткіштер ретінде түсіндірілуі керек.

4.1.15 Үлкен, ірі және өте үлкен қалаларда блокадаланған және аз қабатты тұрғын үй құрылысын үй (пәтер) жанындағы шаруашылық мақсаттағы (малға, құсқа арналаңбаған) шаруашылық құрылысы жер телімдерін шектеулі пайдалануды қарастыру ұсынылады.

Кіші және орташа қалалардың шеткі аймақтарында шаруашылық мақсат (малға, құсқа арналаңған) үшін жер телімдері, нормативті-құқықтық актілері [1,5 және 9] және Г қосымшасы талаптарына сәйкес ауқымы бар үй-жайлық тұрғын ұй құрылысына рұқсат етіледі.

4.1.16 Үй жанындағы және пәтер жанындағы жер телімдерінің көлемін анықтауда тұрғындардың демографиялық құрылымы, әр түрлі көлемдегі халық қоныс тепкен мекендердегі қала құрылысы жағдайының ерекшеліктері, тұрғын үй тұрпаттары, құрылып жатқан тұрғын үй сипаты, халық қоныс тепкен мекен құрылымында оның орналасу жағдайлары нормативтік-құқықтық актілері [1,5 және 9] мен В қосымшасы талаптарын басшылыққа ала отырып ескеріледі.

Үй жанындағы және пәтер жанындағы жер телімдерінің, оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы мен жеке қосалқы шаруашылық үшін шекті көлемі, ҚР ҚНжЕ 3.01-02, жоғарыда көрсетілген нормативтік-құқықтық актілер мен Г қосымшасы талаптарын ескере отырып, белгіленеді.

Жеке қосалқы шаруашылық жүргізу үшін белгіленген ең жоғары нормаға жетпейтін жер телімінің бөлігін халық қоныс тепкен аймақтан тыс жерден бөлуге рұқсат етіледі.

4.1.17 Көппәтерлі үйлер тұрғындары үшін малға, құсқа арналған шаруашылық құрылысы халық қоныс тепкен орындардан тыс жерлерде бөлінеді. Көппәтерлі үйлерде ауданы елді мекендердегі құрылыс ережелерімен, ал ол болмаса жобалауға тапсырма арқылы белгіленетін ауылшаруашылығы өнімдерін сақтайтын қосарласа салынған немесе

жеке тұрған ұжымдық жер асты қоймасы құрылысына рұқсат етіледі.

(4.1.18 – 4.1.20-тармақтармен толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық)

4.1.18 Тұрғын үй ауданының аумағында аудан көлемі 2 гектардан астам тұрғын емес объектілерді орналастыруға жол берілмейді.

4.1.19 Орамның (шағын ауданның) аумағында алаңы 0,5 гектардан астам учаскесі бар, орамның (шағын ауданның) халқына қызмет көрсетумен байланысты тұрғын емес объектілерді орналастыруға болмайды.

Орамдарды (шағын ауданды) салу үшін қор көлеміндегі тұрғын емес объектілер қорының үлесі 25 %-дан аспайды. Бұл ретте, тұрғын емес үй-жайлар аумағы орамдар (шағын аудан) аумағының 12 %-ынан аспайды.

4.1.20 Бастауыш сынып оқушылары үшін ұзартылған күн тобының тұрғын үй ғимараттарына жапсарлас немесе жапсарлас-жалғастыр салынған блок-жайларды жобалау және олардың есептік сыйымдылығын анықтау жобалауға арналған тапсырма бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жапсарлас-жанастыра салынған блокқа іргелес жатқан жер учаскесі 150 шаршы метрден кем болмайды. Бөлек орналасқан алаңдар кезінде олардың көлемі бір сынып үшін 100 шаршы метрден кем емес, блоктар-үй-жайлардың сыртқы қабырғаларынан қашықтығы 50 метрден артық емес, ал тұрғын ғимараттың терезесінен 12 м кем емес болуға тиіс.

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары және жалпы білім беру мектептерінің жер учаскелерін В қосымшаға сәйкес қабылдау қажет.

Елді мекендерде жалпы білім беру мекемелері жүйесін құру кезінде толық орта білім беру мекемелері ретінде лицейлер қамтамасыз етілуі мүмкін. Лицейлердің қол жетімділік радиусы нормаланбайды.

4.2 Қоғамдық-іскерлік аймақ

4.2.1 Елді мекендердегі қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақ әкімшілік-іскерлік, қаржылық, ғылыми-зерттеу орталықтарын, қоғамдық мекемелер мен қонақ үй кешендерін, мәдениет, білім, денсаулық сақтау, спорт, сауда және қоғамдық тамақтану, тұрмыстық қызмет көрсету мекемелерін, автокөліктертердің ашық тұрақтарын, жер бетіндегі және жер асты гараждары мен санитариялық, экологиялық, жарылғыш-өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету бойынша арнайы іс-шараларды талап етпейтін, азаматтардың өмір тіршілігін қамтамасыз етумен байланысты өзге де нысандарды орналастыруға арналады.

Қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) аймақта орналастыруға рұқсат берілген нысандар тізіміне тұрғын үй ғимараттары, сонымен бірге бір атаулы құрылыс нормаларында келтірілген оларды қорғау мен тиімді пайдалануға қойылатын талаптар сақталатын тарих пен мәдениет ескерткіштері кіре алады.

Қоғамдық орталықтардың құрамы мен орналастыру қаланың көлемін, жаңа жерге орналасу жүйесіндегі және аумақтарды функционалды жоспарлы ұйымдастырудағы әлеуметтік мәнін ескере отырып қабылданады. Ірі және аса ірі қалалардағы, сонымен қатар бөлшектенген құрылымы бар қалалардағы жалпықалалық орталық, қағида бойынша,

қалалық маңызы бар орталықшалармен толығады. Кіші қалаларда және ауылдық жерлерде, қағида бойынша, тұрғын үй құрылысында күнделікті пайдаланылатын нысандармен толықтырылған бірыңғай қоғамдық орталық қалыптасады.

4.2.2 Қоғамдық-іскерлік аймақтар іскерлік, қаржылық және қоғамдық белсенділік орталықтары ретінде қалыптасады, қалалардың орталық бөліктеріне, торапты жолдарға, қоғамдық-көлік жолы торабында, өнеркәсіп мекемелеріне және көпшілік баратын басқа да нысандарға іргелесе жатқан территорияларға орналасады.

Құрылыс салу типі мен орналастырылатын нысандардың құрамы бойынша қалалардың қоғамдық-іскерлік аймақтары көпфункционалды аймақтарға (жалпықалалық және аудандық) және арнайы қоғамдық құрылыс салу аймақтары болып бөліне алады.

4.2.3 Аз көлемді жер телімдеріндегі құрылыстың жоғары тығыздылымен, ең кең құрамды қызметі бар қоғамдық орталықтар жүйесін қалыптастыруға арналған көпфункциялық (жалпықалалық және аудандық) аймақтарда көбінесе сауда мен қоғамдық тамақтану мекемелері, басқару, бизнес, ғылым мен мәдениет мекемелері және қалалық, аудандық маңызы бар өзге де нысандар, қажетті қызмет көрсету мекемелері бар тұрғын үй ғимараттары, сонымен қатар үлкен жер телімдерін қажет етпейтін өзге де нысандар (қағида бойынша, 1,0 га аспайтын) және ұзындығы 25м астам санитариялық-қорғаныс құрылымдары орналасады.

Қалалық қала құрылысы желілеріндегі тұрғын үй құрылысы қала құрылысы желісіндегі жалпы құрылыстың 20-50% шегінде қоғамдық көпфункционалды орталықтар құрамында тұрғын үй бөлігімен берілуі керек.

4.2.4 Жалпы қалалық көпфункционалды аймақтар құрамында жалпықалалық орталық, тарихи құрылыс, оның ішінде айрықша салынған оның морфотиптеріне аумақтар бөліне алады. Нақты регламенттер қана құрылысы құжаттарымен, құрылыс салудың территориялық ережелерімен анықталады.

Тарихи қалаларда жалпықалалық орталық аумақтарын қалыптасқан тарихи ортаның тұтастығын қамтамасыз ету шартымен тарихи құрылыс аймағы шеңберінде толықтай немесе ішінара қалыптастыруға рұқсат етіледі. Бұл кезде ортаның қызмет істеу кешенділігін қамтамасыз ете отырып, қоғамдық тарихи құрылыспен қатар тұрғын үй құрылысын да қалпына келтіру, сақтау, дамыту керек.

Тарихи аймақтардағы тұрғын үй құрылысының типі мен қабаттылығы тарихи қаланың функционалдық және архитектуралық-кеңістік ерекшеліктерін анықтайтын және бар құрылысты қайта жаңғырту талаптары мен нұсқауларын, оның ішінде жер үсті, жер асты кеңістіктерін пайдалану бойынша регламентін белгілейтін тарихи-қалақұрылыстық зерттеулер негізіндегі жобамен анықталады.

4.2.5 Арнайы қоғамдық құрылыс салу аймағы қалалық маңызы бар арнайы әкімшіліктік, медицинолық, ғылыми, оқу, сауда (оның ішінде жәрмеңке, базарлар), көрмелік, спорттық және қала шеңберінде, қаладай тыс жерлерде орналастырылатын арнайы орталықтар ретінде қалыптасады.

Аталған аймақтарды орналастыру кезінде олардың қызмет ету ерекшеліктерін, территорияны қажетеінуін, үлкен сыйымдылықтағы автотұрақ құрылымының қажеттілігін, дамыған көліктік және инженерлік инфрақұрылым жасауды, сонымен қатар қоршаған ортаға және іргелес жатқан құрылысқа әсер ету деңгейін ескерген жөн.

4.2.6 Аралас аймақтар қаланың қалыптасқан бөліктерінде, қағида бойынша, тұрғын үй мен өндірістік құрылыстарға артықшылық берілген орамдардан қалыптасады. Бұл аймақтар құрамына тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттарды, ғылым мен ғылыми қызмет көрсету мекемелерін, оқу орындарын, бизнес нысадарын, өнеркәсіп мекемелерін және басқа да өрт, жарылыс қауіпсіздігі өндірістік үдерістері бар, шу, тербеліс туғызбайтын, (телім ауданы, әдетте, 5 га-дан көп емес) электромагниттік және иондайтын сәуле таратпайтын, тұрғын үй және қоғамдық құрылыс үшін белгіленген нормалардан аспайтын жер үсті, жер асты суларын, атмосфералық ауаны ластамайтын, темір жолдарды, жүк көліктерінің үлкен ағынын талап етпейтін (бір бағытта тәулігіне 50 көлікпен көп емес) 50м аса санитариялық-қорғаныс аймақтары құрылғыларын талап етпейтін өндіріс нысандарын орналастыруға рұқсат етіледі.

4.2.7* Аралас аймақтардағы салынған тұрғын үй және өндіріс құрылыстарын жаңарту кезінде мекеменің қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау бойынша іс-шаралар қарастыру керек (зиянсыз үдерістерге өтумен технологияны өзгерту, қуаттылығын кеміту, мекемені немесе жеке өндірісті қайта кескіндеу немесе оны аралас аймақтан өндірістік аймаққа қайта негіздеу).

Аралас өндірістік-тұрғын үй аймағының тәртібі белгіленуі мүмкін территория ауданы қалаларда: -10га, ауылдық елді мекендерде -3га кем болмауы керек.

Міндетті қызмет көрсету кешенін орналастыру мен мемлекеттік және өндірістік объектілерді орналастыруға арналған нормативтік талаптарды сақтау тұрғын үй алабында жұмыспен қамтылған халықтың 40 %-ын қамтамасыз етуі тиіс ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық)***.

4.2.8 Тұрғын үй ауданы қоғамдық орталығын қалалық көлік аялдамалармен, оның тұрғындар үшін жетімділігі-15 мин аспайтын нормативтік уақытын қамтамасыз ете отырып, сыйыстыру ұсынылады.

Тұрғын үй ауданының қоғамдық орталығын, қағида бойынша, қоғамдық құрылыс телімдеріне, аралас тұрғын үй құрылысы телімдері мен топтарына орналастырылатын кезеңдік қызмет көрсету нысандарымен құру керек.

Орталық құрамына сауда, мәдениет, өнер мекемелерінен басқа, әдетте, саябақ пен спорт кешенін енгізген жөн.

4.2.9 Тұрғын үй аудандарының жоспарлы құрылымен қалыптастыруда қоғамдық орталықтардың әсер ету аймақтарында және аудандық маңызы бар торапты жолдар бойында осы Ережелер жинағының В қосымшасында келтірілген көрсеткіштен тығыздылығы аспайтын тұрғын үй және қоғамдық құрылысты жобалауға рұқсат етіледі.

4.2.10 Кіші қалалар мен қыстақтардағы үй-жайлық құрылысқа, сонымен қатар ауылдық жерлерде ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кіші кәсіпорындарды қоса аралас аймақтар, сонымен қатар санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық нормаларды ескере отырып, тұрғын үй аймақтарына орналастыруға болатын басқа да өндірістік нысандарды құруға рұқсат етіледі.

Ауылдық елді мекендерде санитариялық-эпидемиялогиялық қадағалау органдарымен келісе отырып, аралас аймақ құрамына ұзындығы 50 м аспайтын санитариялық-қорғаныс аймағын талап етпейтін ауылшаруашылығы нысандарын, кіші кәсіпорындарды, мини-фермаларды орналастыруға рұқсат етіледі.

4.3 Тұрғын үй мен қоғамдық-іскерлік аймақтар құрылысының параметрлері

4.3.1 Тұрғын үй мен қоғамдық-іскерлік аймақтар құрылысының параметрлері аймақ стандарттары мен белгіленген заңдық тәртіп бойынша жасалған және бекітілген. қалақұрылысы регламенттерімен анықталады.

4.3.2 Тарих пен мәдени мұра ескерткіштерін қорғау бойынша нормативтік-құқықтық актілер талаптарына сәйкес тарихи және мәдени ескерткіштерін тарихи қалыптасқан визуалды-ландшафтық қабылдауды сақтаған, тарихи ортаның жалпы стильдік бірлігін бұзбаған жағдайда тарихи аймақтарда үстіне мансардтық қабаттарды салуға рұқсат етіледі.

(4.3.3 – 4.3.14-тармақтармен толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық)

4.3.3 Қалалық және ауылдық елді мекендері есептік мерзіміне халқының жобалық санына байланысты 1-1- кестеге сәйкес топқа бөлінеді.

1-1-кесте - Елді мекен топтары

елді мекендер топтары	тұрғындар, мың адам
Қалалар	
Ең ірі, оның ішінде республикалық және облыстық маңызы бар қала	500-ден көп
үлкен, оның ішінде облыстық маңызы бар қала	-«- 100 -«- 500
орта, оның ішінде облыстық маңызы бар қала	-«- 50 -«- 100
Кіші*, оның ішінде, аудандық маңызы бар қала	-«- 50
Ауылдық елді мекендер	
Ірі (кенттер)	3-тен көп
Үлкен (жер учаскесінде орналасқан, емдеу маңызы бар)	-«- 1 -«- 3
Орта	-«- 0,2 -«- 1
Кіші (ауыл, ауылдық, ауылдық және мекендейтін жерлер)	-«- 0,2
* Көптеген қалалардың топтары өздерінің аумақтық әкімшілік кеңістігінде орналасқан елді мекендерге қосылады.	

4.3.4 Тұрғын және қоғамдық ғимараттар, әдетте, басты көшелердің қызыл сызықтарынан 6 метрден кеме емес, ал тұрғын үй көшелері - 3 метрден кем емес болуы керек.

4.3.5 Қолданыстағы ғимаратты қызыл сызық бойында реконструкциялау жағдайында тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттарға ҚР ҚН 3.01-01 талаптарына және ғимараттардың шаңнан қорғауға арналған шараларын ескере отырып рұқсат етіледі.

4.3.6 * Тұрғын ғимараттарының ұзын жағы арасында арақашықтық: биіктігі 2 - 3 қабат тұрғын үй ғимараттарда - 15 м кем емес; 4 қабатты - 20 м кем емес, ал 5 және одан

көп қабаттар - ҚР ЕЖ 2.04-01-2017 инсоляция талаптарымен және тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар мен тұрғын құрылыс аудандарын инсоляциялаудың санитариялық нормалары мен қағидаларын ескере отырып қабылданады. Осы тұрғын бөлмелердің терезелері бар ғимараттардың ұзындығы мен ұштары арасында 10 м кем емес болу қажет. Реконструкциялау және басқа да күрделі қала құрылысы жағдайында осы қашықтықтарды сәулелендіру, жарықтандыру және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес, сондай-ақ тұрғын үй-жайлар (бөлмелер мен ас үйлер) терезелерінен терезеге көрінбеуін қамтамасыз еткен жағдайда қысқартуға болады.

Үй-жайлық құрылыс және бау-бақша мен саяжай серіктестіктері құрылысы аудандарында тұрғын үй-үйлердің (бөлмелер, ас үйлер мен верандалар) терезелерінен іргелес жер учаскелерінде орналасқан үйдің және шаруашылық құрылыстарының (сарай, гараж, монша) қабырғаларына дейінгі арақашықтық 6 м кем емес (іргелес жер учаскелерін көлеңкелеу талаптары сақталған кезде) болуға, ал мал мен құсты ұстауға арналған қораларға дейінгі арақашықтық осы нормативтік құжаттың 4.3.8-тармағына сәйкес қабылдануы тиіс. Учаскенің алаңынан арақашықтық тұрғын үйдің қабырғасына дейін 3 м кем емес, шаруашылық құрылыстарына дейін 1 м кем емес болуға тиіс. Орталықтандырылған кәріз болмаған кезде дәретханадан тұрғын үйдің қабырғасына дейінгі арақашықтық 12 м кем емес, сумен жабдықтау (құдық) көзіне дейін - 25 м кем емес болуы тиіс.

Ескертпе - Өртке қарсы қорғауды қамтамасыз етуді ескере отырып, үй иелерінің өзара келісімі бойынша тұрғын үйлерді, сондай-ақ аралас үй жанындағы жер учаскелеріндегі шаруашылық құрылыстарды бұғаттауға жол беріледі.

Бақша (саяжай) үйі мен шаруашылық құрылыстарының жалпы құрылыс алаңы учаске алаңының 10 пайызынан аспауға тиіс. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 07.06.2024 ж. №91-НҚ бұйрық).***

4.3.7 Ауылдық елді мекендердегі және қалалардағы үй-жайлық құрылыстардың аудандарындағы тұрғын аймақтың шегінде орналасатын қоралар топтары әрқайсысы 30-дан астам, олардың әрқайсысы ірі қара малдың саны 60 бастан аспайтын блоктарды құрайды. Малдар мен құстарға арналған қоралар санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды ескере отырып, бірақ тұрғын үй-жайлардың терезелерінен кемінде: бір немесе екі блокты - кемінде 10 м, 8 блокқа дейін - кемінде 25 м, 8-ден 30 блоктарға дейін - кемінде 50 м болуы тиіс.

Оқшауланған қоралардың құрылыс алаңы 800 шаршы метрден аспайды. Шатырлардың топтары арасындағы арқашықтық осы нормативтік құжаттың 13-бөліміне сәйкес қабылданады.

Малдар мен құстарға арналған қоралардан шахталық құдықтарға дейінгі арақашықтық 20 м кем емес.

Ескертпе – Үй-жайлық үйлерге шаруашылық қораларын (оның ішінде малдар мен құстарға арналған қораларды), гаражды, моншаны, жылыжайды ҚР ЕЖ 3.02-101 талаптарына, санитариялық және өрт қауіпсіздігі нормаларын сақтай отырып салуға болады.

4.3.8 Тұрғын аудандарда (шағын аудандарда) халықтың демографиялық құрамы, даму түрі, табиғи климаттық және басқа да жергілікті жағдайлар ескеріле отырып, әртүрлі мақсаттардағы қоғамдық орындармен қамтамасыз ету қажет. Бұл ретте, балаларға арналған ойын алаңдары, ересектерге арналған демалыс және дене тәрбиесімен айласатын

аумақтың жалпы алаңы тұрғын ауданының (шағын ауданның) жалпы алаңның 10 % -нан кем болмауы керек.

Алаңдарды орналастыру тұрғын және қоғамдық ғимараттардың терезелерінен кем емес, м деп қабылдау қажет:

мектепке дейінгі және бастауыш сынып оқушыларының ойындарына арналған – 12;

ересектерге арналған демалыс үшін - 10;

дене шынықтырумен айналысатын (шу сипаттамаларына байланысты *) - 10 - 40;

үй шаруашылықтары үшін - 20;

соққыға арналған - 40.

автомашина тұрақтары үшін - 13-1-кесте бойынша.

*) ең жоғарғы мәнді хоккейге және футболға арналған алаңдар үшін, ең төсм енгі мәнді – үстел теннисіне арналған алаңдар үшін қабылдау қажет.

4.3.9* Киімдерді кептіруге арналған аудандардан арақашықтығы нормаланбаған; қоқыс жинайтын орындарға арналған алаңдардан спорт алаңдарына, балалар мен ересектерге арналған ойын алаңдарына дейінгі, сондай-ақ мектепке дейінгі, медициналық мекемелер мен тамақтандыру мекемелерінің шекараларына дейінгі арақашықтық 25 м кем емес, ал тұрмыстық мақсаттағы учаскелерден тұрғын үй ғимараттарға дейін - 100 м артық емес (қоқыс құбырлары бар үйлер үшін) және 50 м (қоқыс құбырлары жоқ үйлер үшін) болуы тиіс. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҰКШІК 09.07.2021 ж. №98-НҚ бұйрық)***

Ескертпе – Алаңның үлестік көлемін былайша азайтуға рұқсат етіледі, бірақ 50 %-дан аспаған жағдайда: IVA, IVГ климаттық кіші аудандарда, экономикалық мақсаттарға арналған жабық объектілер құрылған жағдайда шаңды дауылды аудандарда, 9 қабатта және одан жоғары ғимараттар салынған кезде балалар ойындары, ересектерге арналған демалыс және дене тәрбиесімен айлысуға арналған; оқушылар мен тұрғындар үшін бірыңғай орамдық (шағын аудан) спорт-сауықтыру кешенін құру кезінде дене шынықтыру үшін.

4.3.10 Тұрғын, қоғамдық-іскерлік аудандардың (шағын аудандардың) және аралас аймақтардың аумағында құрылыс салу коэффициенттеріне және құрылыс салудың тығыздық коэффициенттеріне ұсынылатын шекті шамалар осы нормативтік құжаттың А қосымшасында келтірілген.

Қала ауқымына және құрылыс салудың типіне сәйкес, тиісті негіздеме болған кезде осы нормативтік құжаттың А қосымшасының көрсеткіштерінен 10 % шекте әртүрлі аймақтарда құрылыс салу тығыздығын өзгертуге рұқсат етіледі.

4.3.11 Тұрғын үй құрылысының жобаланған сызықтары мен парк алабының ең жақын шеті арасындағы арақашықтық 30 м кем емес болуы тиіс.

4.3.12 Аймақтық маңызы бар көшелердің негізгі жүргінші бөліктерінің шетінен құрылыс салу сызығына дейінгі арақашықтық 25 метрден артық болмауы керек, басқа жағдайда құрылыс салу сызығынан 5 метрден алшақ емес ені 6 метр болатын өрт сөндіру көліктерінің өтуіне арналған жол көздеу керек.

4.3.13 Аудандық маңызы бар көшелерден тұрғын аудандардың шығатын жолды 200 метрден аспайтын қадаммен жобалау қажет.

4.3.14 Магистральдық жолдардың негізгі жүргінші бөлігінің шетінен тұрғын үй құрылысын реттеу сызығына дейінгі арақашықтық 50 м кем емес, ал егер МҚН 2.04-03-2005 талаптарын қамтамасыз ететін шу қорғау құрылғылары орнатылған жағдайда 25 м кем емес болуы тиіс.

Көшедегі негізгі жүргінші бөлігінің шетіне дейінгі, жергілікті және оқшау өтпе

жолдардан арақашықтық құрылыс салу сызығына дейін 25 метрден аспауы тиіс. Көрсетілген қашықтықтан асып кеткен жағдайда оны өрт сөндіру машинасы өтуге жарамды ені 6 метр жолақты құрылыс салу сызығынан 5 метден алшақ емес арақашықтықта қабылдау қажет.

5 Өндіріс аймақтарын, көлік және инженерлік инфрақұрылым аймақтарын ұйымдастыру ережелері

5.1 Өндірістік аймақтардың, көлік және инженерлік инфрақұрылым аймақтарының құрамына ене алады:

- өнеркәсіптік (өндірістік) аймақтар (аудандар) - өнеркәсіптік кәсіпорындар мен олардың кешендері, қоршаған ортаға әсер етудің әр түрлі нормативтері бар, әдетте, ұзындығы 50м жоғары санитариялық-қорғаныс аймағы құрылғаларын сонымен қатар кіріс жолдарын талап ететін басқа да өндірістік нысандар аймағы;
- өндірістік (ғылыми-өндірістік, ауылшаруашылықтық өндірістер) аймақтардың (аудандар) басқа да түрлері;
- коммуналдық-қоймалық аймақтар (аудандар) - коммуналдық және қоймалық нысандар, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандары, көлік нысандары, көтерме сауда нысандары орналастырылған аймақтар;
- инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймақтары;
- санитариялық-қорғаныс аймақтары.

5.2 Өнеркәсіптік (өндірістік) аймақтарда (аудандарда) өнеркәсіптік аймақта орналасқан кәсіпорындар мен басқа да нысандарға қызмет ететін авариялық-құтқару қызметтері нысандарының ғимараттары мен жайларын орналастыруға рұқсат етіледі.

Кәсіпорынның өндірістік және санитариялық-қорғаныс аймағы ішінде тұрғын үйлер, қонақ үйлер, жатақханалар орналастыруға, бақ өсірушілік, саяжайлық серіктестіктер, мектепке дейінгі және жалпы білім беретін мекемелердің, білім берудің интернат ұйымдары, емдеу-сауықтыру, демалыс мекемелері ғимараттарының, спорттық ғимараттардың, өндіріске қызмет етпейтін басқа да қоғамдық ғимараттардың құрылысын салуға жол берілмейді.

5.3 Санитариялық-қорғаныс аймағы (аудандар) 100 м дейінгі тамақ, медицина, фармацевтика және өнеркәсіптің басқа да салаларын өнеркәсіп территориясына металлургиялық, химиялық, мұнай-химия кәсіпорындарымен және зиянды өндірісі бар өнеркәсіптің басқа да салаларымен бірге, сонымен қатар олардың санитариялық-қорғаныс аймақтары ішінде орналастыруға жол берілмейді.

5.4 Өнеркәсіптік аймақ аумағының қамтылуы өнеркәсіп кәсіпорындары және олармен байланысты қоршау ішіндегі нысандар аудандарының, сонымен қатар елді мекендердің бас жоспарымен белгіленген, өнеркәсіп аймағының жалпы территориясына теміржол станцияларымен қамтылған алаңдарды қоса қызмет ететін мекемелер аудандарының жалпы санына қатынас ретінде пайызбен анықталады. Қамтылған территориялар кәсіпорындар аудандарындағы резервтік телімдерді де және оларға орналастыру үшін жоба тапсырмасымен сәйкес белгіленген ғимараттар мен жайларды да кіргізе алады.

Өнеркәсіп кәсіпорны телімінің нормативтік көлемі оның құрылыс алаңының ҚР ҚН 3.01-03 сәйкес өнеркәсіп кәсіпорындары алаңы құрылысының нормативтік тығыздығы көрсеткіші қатынасына тең қабылданады.

5.5* Өндірістік кәсіпорындардың және басқа да өндірістік объектілердің, мекемелердің және қызмет көрсету кәсіпорындарының объектілері орналасқан аумақ, әдетте, индустриялық аймақтың бүкіл аумағының кемінде 60 %-ын құрайды ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық)***.

Өнеркәсіп кәсіпорындары мен басқа өндірістік нысандар, мекемелер мен қызмет көрсету кәсіпорындары аудандары қамтылған аумағы тиісті дәйектемелер негізінде дәлдене алады.

5.6 Ғылыми-өндірістік орам (аймақ) құрамына ғылым мен ғылыми қызмет көрсету мекемелерін, тәжірибелік өндірістер мен олармен байланысты жоғары және орта оқу орындарын, қонақ үйлер, мекемелер мен қызмет көрсету кәсіпорындарын, сонымен қатар инженерлік және көлік қатынасы мен ғимараттарды орналастырған дұрыс.

Ғылыми-өндірістік құрам мен жекелеген ҒЗИ және тәжірибелік өндірістерді орналастыру шарттарын қоршаған ортаға әсер ету факторларын есепке ала отырып анықтаған дұрыс.

Ені 50 м, санитариялық-қорғаныс аймақтарын талап етпейтін тәжірибелік өндірістерді ғылыми-өндірістік аймаққа орналастыру кезінде тұрғын үй құрылысын аралас құрылыс аймағы типі бойынша құрып орналастыруға рұқсат етіледі.

5.7 Ауылдық елді мекендердегі өндірістік аймақтар, әдетте, жалпы желідегі теміржол және көлік жолдарымен жекеленген телімдерге бөлінбеуі тиіс.

5.8 Барлық түрдегі қоймаларды орналастыру кезінде жер асты кеңістігін барынша пайдалану қажет. Оларға орналастыру үшін жарамды нысандарды, жер қойнауы телімдері мен игерілген тау өндірулері болған жағдайда сыртқы әсерге тұрақтылықты қамтамасыз ету мен қызмет ету сенімділігін талап ететін азық-түлік және өнеркәсіп тауарларын, құнды құжаттарды, мұздатқыштар мен басқа да нысандардың қоймалары құрылысын жүргізуге болады. Нысандарды орналастыру пайдалы қазбаларды өндірумен байланысты емес мақсаттарда жер асты кеңістігін пайдаланудың регламентін белгілейтін Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіп қауіпсіздігіне мемлекеттік бақылау органдарының нормативті құжаттары талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

1 Арақашықтықты тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттардың терезелерінен және жалпы білім беретін мектептердің, интернаттық білім беру ұйымдарының, мектепке дейінгі ұйымдар мен стационары бар емдеу мекемелерінің жер учаскелері шекараларынан гараждың қабырғасына немесе ашық тұрақтың шекарасына дейін айқындау керек. Ашық типті автотұрақ деп жоқ дегенде ұзындығы ең үлкен қарама-қарсы екі жағынан ашық құрылыс та саналады. Егер жақ бойынша бөлінген ойықтардың жалпы алаңы МСН 2.02-05-2000* бойынша әр қабатында осы жақтың сыртқы бетінің кемінде 50 % құрайтын болса, жақ ашық деп саналады.

2 Секциялық тұрғын үйлерден ұзына бойғы қасбет бойына орналасатын сыйымдылығы 101-300 машина болатын ашық алаңдарға дейінгі арақашықтықты кемінде 50 м деп қабылдау керек.

3 Кестеде көрсетілген отқа төзімділігі I-II дәрежелі гараждар үшін арақашықтықты гараждарда ашылатын терезелер, сондай-ақ тұрғын үйлер мен қоғамдық ғимараттар жағына бағытталған кіретін жерлер болмағанда 25 %-ке қысқартуға жол беріледі.

4 Сыйымдылығы 300 машина-орыннан артық жеңіл автомобильдерді сақтауға арналған гараждар мен ашық тұрақтарды және постылар саны 30-дан артық техникалық қызмет көрсету станцияларын тұрғын аудандардан тыс өндірістік, коммуналдық-қойма,санитариялық-қорғаныш аумақтарының аймақтарында тұрғын үйлерден кемінде 50 м арақашықтықта орналастырған дұрыс. Арақашықтық мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының келісімі бойынша айқындалады.

5 Кестеде көрсетілген сыйымдылығы 10 машинадан артық гараждар үшін арақашықтықты интерполяция бойынша қабылдауға жол беріледі.

6 Азаматтарға тиесілі бокс үлгісіндегі бір қабатты гараждарда жерқойма құрылысына жол беріледі.

13-2-кесте. Құрылыс салу алаңы және жеке тұрған автотұрақтардадың жер учаскелерінің өлшемдері

Автотұрақтың қабаты	Рампалық автотұрақтардың типтері					
	жерүсті		аралас		жерасты	
	1 автомобиль алаңы, м					
	құрылыс салу алаңы	учаске алаңы	құрылыс салу алаңы	учаске алаңы	құрылыс салу алаңы	учаске алаңы
1	27	30,0	-	-	25	5
2	15	19,2	15	18,0	15	4,1
3	10	13,0	10	11,6	10	3,3
4	8	10,0	8	8,8	8	2,4
5	6	8,0	6	6,5	6	1,8
6 - 8	4	5,5	4	4,8	-	-
9 және одан көп	-	-	3	3,5	-	-

_____

* - Көп қабатты жартылай механикаландырылған автотұрақтар (лифт көтергіштермен жабдықталған) 2 - 7-бағандардың көрсеткіштері 1,2-ге азаяды, механикаландырылған және автоматтандырылған автотұрақтар - 1,3 - 1,5 есеге;

** - жерасты автотұрақтардың учаскесінің алаңына жинау алаңның, қорғау көгаландыру, автомобильдердің кіру және шығу сыртқы пандустардың мөлшемдері кіреді.

Ескертпе: Механикаландырылған және автоматтандырылған конструкцияларды монтаждау - бұл механикалық және автоматтандырылған тәсілдермен сәйкес келетін автомобильдерді жөндеу және жөндеу жұмыстарына арналған конструкциялар.

8-1 Демалыс орындарын және курорттық аймақтарды жобалау ережелері

(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық)

8-1.1 Демалыс аймақтары санаторийлерден, балалар мен жастар лагерінен, мектепке дейінгі санаторийден, бау-бақша және саяжай серіктестіктерінен, 500 метрден кем жалпы желінің және темір жолдардың автокөлік жолдарынан, ал демалу үйлерінен кемінде 300 м.

8-1.2 Курорттық аймақтарды жобалау кезінде:

- шуылдың рұқсат етілген деңгейі бар жерлерде ұзақ демалуға арналған санаторийлік-курорттық мекемелерді; ересектерге арналған мекемелерден, оларды ені 100 м кем емес жасыл екпелердің жолақтарынан оқшаулай отырып балалар санаторийлік-курорттарын және сауықтыру мекемелерін орналастыру;
- өнеркәсіптік және коммуналдық-өоймалық объектілерді, емделушілерге және демалушыларға қызмет көрсетумен байланысты емес тұрғын үй құрылысы мен қоғамдық ғимараттарды шығару;
- көлік қозғалысын шектеу және транзиттік көлік ағынын толығымен алып тастау.

Санаторийлік-курорттық және сауықтыру мекемелерінің қызмет көрсететін персоналдарын орналастыру үшін тұрғын үй аудандарын орналастыруды жұмыс орындарына баруға кететін 30 минут шегінде уақыт шығындары қамтамасыз етілген жағдайда курорттық аймақтан тыс көздеген жөн.

8-1.3 Жаңадан құрылған санитариялық-гигиеналық және медициналық мекемелердің жер учаскелерінің шекарасынан қашықтығы, м, мынадан кем емес:

- тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға (курорттық және рекреациялық объектілерге байланысты емес), коммуналдық қызметтер мен қоймаларға - 500
- сондай, реконструкция жағдайында кем емес - 100
- жалпы желінің темір жолдарына дейін - 500
- көлік жолдарына дейін:

I, II, III санаттар - 500
IV санат - 200

- бау-бақша және саяжай серіктестіктерінің аумағы құрылысына дейін - 300

8-1.4 Курорттық аймақтардың жалпы аумақтарының мөлшері бір орынға 2: курорттық орталықтар үшін 10, жасыл аймақтар үшін 100 мөлшерінде белгіленеді.

Ескертпе - Дала учаскелерінің курорттық аумақтарында, дамыған жағалауда, сондай-ақ таулы курорттарда, қоғамдық пайдаланудың жасыл аймақтарының мөлшерін төмендетуге болады, бірақ 50 %-дан аспайды.

8-1.5 Курорттық аудандарда және демалыс аймағында орналасқан жағажайлар ауданының көлемі, келушінің $м^2$, мынадан кем емес:

- теңізді 5
- өзенді және көлді 8
- теңіз, өзен және көл (балалар үшін) 4

Ауыл шаруашылығында пайдалануға жарамды жерлерде орналасқан өзен мен көлдердің жағалауларының өлшемдері әрбір келуші үшін 5 $м^2$ мөлшерінде қабылданады.

Мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған мамандандырылған терапевтикалық жағажайлар аумағының көлемі келушілерге 8-12 $м^2$ мөлшерінде қабылданады.

Жағалау жағалауының ең аз ұзындығы келушіге жағажайда қабылданады, м, мынадан кем емес:

- теңіз жағажайларына - 0,2;
- өзенді және көлді - 0,25.

Жағажайларда бір жолғы келушілердің санын есептеңіз жағажайларды бір уақытта жүктеудің коэффициенттерін ескеру керек:

- санаторийлер 0,6-0,8 кем емес
- демалыс және туризм мекемелері 0,7-0,9 кем емес
- балалар мен жастарға арналған лагерлер 0,5-1,0 кем емес
- жергілікті халық үшін жалпы пайдалану 0,2 кем емес
- жолдамасыз демалыс 0,5 кем емес»;

9 Инженерлік жабдықтарды жобалау ережелері

9.1 Сумен жабдықтау және суды бұрып жіберу

Қалалар мен басқа да елді мекендердегі шаруашылық-ауыз су және арналық кәріз жүйелерін жобалау ҚР СТ МЕМСТ Р 51232 сәйкес ауыз су алудың санитариялық-

эпидемиологиялық, сенімділігік, экологиялық және ресурсты сақтау талаптарын ескере отырып, ҚР ЕЖ 4.01-02, РҚ ҚН 4-01-03 талаптарына сәйкес жасалуы тиіс.

*Су тазарту қондырғыларына арналған жер учаскелерінің мөлшері олардың өнімдігіне байланысты, тәулігіне мың $м^3$, жоба бойынша қабылданады, бірақ мынадан артық емес, га:

0,8 дейін	1
0,8 жоғары 12 дейін	2
12 жоғары 32 дейін	3
32 жоғары 80 дейін	4
80 жоғары 125 дейін	6
125 жоғары 250 дейін	12
250 жоғары 400 дейін	18
400 жоғары 800 дейін	24

Ескертпе - 800 мың текше метрден астам ауыз су тазарту қондырғылары үшін жер көлемі тәуліктік су құбыры, қалалық сумен қамтамасыз ету пункттері, сорғы станциялары, ұқсас қондырғылар үшін белгіленген тәртіппен әзірленген жоба бойынша немесе Қазақстан Республикасының санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі уәкілетті органының келісімі бойынша мамандандырылған ұйымдардың деректері бойынша анықталады.

Кәріздік тазарту құрылыстары үшін жер учаскелерінің мөлшері 13-3-кестеге сәйкес қабылданады.

13-3-кесте. Кәріздік тазарту құрылыстары үшін жер учаскелердінің өлшемі

Кәріздік тазарту құрылыстарының өндірімділігі, мың $м^3$/тәу.	Жер учаскелердің алаңы, га		
	тазарту құрылыстары	тұнба алаңы	Сарқынды суларды терең тазалайтын биологиялық тоған
0,7-ге дейін	0,5	0,2	-
0,7-ден 17-ге дейін	4	3	3
17-ден 40-қа дейін	6	9	6
40-тан 130-га дейін	12	25	20
130-дан 175-ке дейін	14	30	30
175-тен 280-ге дейін	18	55	-
Ескертпе - тәулігіне 280 мың $м^3$ жуық уақытқа созылған жобалар бойынша жер қойнауын пайдалану учаскелерінің аумақтарында, осыған ұқсас ұйымдарға арналған арнайы әзірленген жобалармен немесе Қазақстан Республикасындағы санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау жөніндегі органмен келісілген мамандандырылған ұйымдардың негізінде құрылады.			

(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық)

9.2 Жаңбырлы арналық кәріз

9.2.1 Қалалар аумақтарында, әдетте суды бұрудың жабық жүйесі қолданылуы тиіс. Ашық су ағызып жіберетін қондырғыларын қолдану орта және кіші қалаларда, ауылдық елді мекендерде, жаяусоқпақтармен қиылысында қолдануға рұқсат етіледі.

Кюветті лоток түріндегі ашық субұру құрылғыларын аз қабатты құрылыс аудандарында да қолдану ұсынылады. Ашық жаңбырлық кәріз лотоктар және әр-түрлі көлемдегі жасанды немесе табиғи киімі бар жыралардан және құрылымы қарпайым жіберулерден тұрады.

9.2.2 20 ға дейін су жинайтын ауданы бар селитепті аумақтар, сонымен қатар қалалық орман бағы үстінгі бетіндегі суды экологиялық негіздеу мен барлық бақылаушы органдармен келісім болған жағдайда су ауданына тазартпай-ақ жіберуге болады.

Бұл талаптар ауыз сумен қамтамасыз ету көзі болып табылатын су өздігінен құйылатын су ауданына қатысты емес.

9.2.3 Үстіңгі ағын суды тиісті жобалау негіздеулері болған жағдайда тазартпай-ақ келесі территориялардан қалалық жаңбырлы кәріз жүйесіне жіберуге болады:

- тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттар телімдерінен осы телімдер территориясына жеңіл автомобильдерді жуатын және жөндейтін аймақтарынсыз ашық сақтау алаңшаларымен қоса (жаңбырлы кәріздің тікелей ашық су қоймасына шығаруы бар болған жағдайдан басқа уақытта);

- жалпы қолданыстағы көгаландырылған территорияларға (саябақтар, бау-бақшалар, бульварлар, скверлер);

- көшелер мен алаңдар шекараларында автомобиль сақтауға бөлінген жерлерді қоса көше жолдары желісіне (жаңбырлы кәріздің тікелей ашық су қоймасына шығаруы бар болған жағдайдан басқа уақытта).

9.3 Санитарлық тазалау

Тұрмыстық қалдықтар мөлшері есеппен анықталады. Тұрмыстық қалдықтардың жинақталу нормасын Ж қосымшасымен сәйкес алуға болады.

Тұрмыстық қалдықтарды залалсыз дандыру, тасымалдау мен өңдеу бойынша кәсіпорындар мен құрылымдардың жер телімдері мен санитариялық-қорғаныс аймақтарының көлемін 14 кесте бойынша алуға болады.

14-кесте - Кәсіпорындар мен құрылымдардың жер телімдері мен санитариялық-қорғаныс аймақтарының көлемдері

Кәсіпорындар мен құрылымдар	1000 т тұрмыстық қалдықтарға жер телімдерінің ауданы	Санитариялық-қорғаныс аймақтары ауданы, м
Тұрмыстық қалдықтарды өнеркәсіптік қайта өңдеу кәсіпорындары, жылына мың т: - 100-ден төмен - 100 -ден жоғары	 0,05 0,05	 300 500
Компост қоймалары	0,02 - 0,05	500
Полигондар компостерлеу алаңы	0,5 - 1	500
Қоқыс тиейтін станциялар	0,04	100

14-кесте - Кәсіпорындар мен құрылымдардың жер телімдері мен санитариялық-қорғаныс аймақтарының көлемдері *(жалғасы)*

Құю станциялары	0,02	300
Залалсыздандырылған шөгінділерді (құрғақ заттар бойынша) жинап қоятын және көметін алаң	0,3	1000
Ескертпелер 1 Полигондардың ең аз көлемді алаңдары құмды топырақтарға орналасатын құрылымдарға жатады 2 Қоқысты қайта өңдейтін және қоқысты өртейтін кәсіпорындар үшін атмосфералық ауаға зиянды заттарды шығарған жағдайда санитариялық – қорғаныс аймақтарының көлемі біратаулы құрылыс нормалары талаптарын ескере отырып, ластануды ыдырату есебімен нақтылануы керек		

9.4 Жылумен жабдықтау

9.4.1 Тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар мен құрылымдар жылумен, желдеткішпен және ыстық сумен жабдықтау жобаланбаған жағдайда жылудың есептік сағаттық жұмсалуын И Қосымшасы бойынша ғимараттың жалпы ауданының 1 $м^2$ есептелген жылудың жұмсалуын кешенді ірілендірілген көрсеткіштер бойынша анықтау ұсынылады.

9.4.2 Жеке тұрған қазандықтар үшін жер телімдерінің ауданын 15 Кесте бойынша алу керек.

9.4.3 Жылумен қамтамасыз етуді қалалық желіге қосуды тиісті негіздеулермен ортылық жылу пункттері (ОЖП) арқылы және жеке жылу пункттері (ЖЖП) арқылы жүзеге асыру керек.

15-кесте - Жеке тұрған жылу қазандықтары үшін жер телімдерінің ауданы

Қазандықтардың жылу өнімділігі	Жұмыс істеп тұрған қазандықтың жер телімінің ауданы, га	
	Қатты отында	Газды-мазутты отында
5-ке дейін	0,7	0,7
5 -тен 10-ға дейін (6-дан 12-ге дейін)	1,0	1,0
10-нан 50-ге дейін (12-ден 58-ге дейін)	2,0	1,5
50-ден 100-ге дейін (58-ден 116-ға дейін)	3,0	2,5
100-ден 200-ге дейін (116-дан 233-ге дейін)	3,7	3,0
200 ден 400-ге дейін (233-тен 466-ға дейін)	4,3	3,5

15-кесте - Жеке тұрған жылу қазандықтары үшін жер телімдерінің ауданы

(жалғасы)

Ескертпелер 1 Суды тікелей алу арқылы ыстық суды тұтынуды қамтамасыз ететін жылу қазандықтарының, сонымен бірге темір жол арқылы отын жеткізілу қарастырылған қазандықтардың жер телімдерінің ауданын 20% ұлғайту керек. 2 Күл, шлак үйінділерін құнарсыз территориялардан тыс орналастыруды қарастыру керек. Күл, шлак үйінділерін орналастыру шарттары мен оларға арналған алаң көлемін анықтау 4.02-08 ҚНжЕ бойынша қарастуру керек. 3 Қазандықтардың санитариялық-қорғаныс аймақтарының көлемі қолданыстағы санитарлық нормалармен сәйкес анықталады.

9.4.4 Қоғамдық ғимараттарға қазандықтарды бірге орналастыруға рұқсат етіледі:

- жарылыс – өрт қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз еткенде;
- апаттық желдеткішті қоса қазандықты желдетудің нормативін қамтамасыз еткенде;
- қызметкердің көмегінсіз автоматты тәртіпте жұмыс істейтін құрал-жабдықтарды пайдаланған кезде

9.4.5 Территорияны үнемдеу мақсатында бірге салынатын және жеке тұрған көп ярусты типтегі қазандықтарды салуға рұқсат етіледі.

9.4.6 Ғимараттар мен құрылымдарды ішкі жылумен қамтамасыз ету үшін қарастыру ұсынылады:

- энергияның жаңартылатын көздерін пайдалану (ЖЭК); жылу сорғыштары, күн және жел энергиялары және т.б;
- жылу мен суық аккумуляторлар құрылғылары;
- екінші қайтара энергоресурстар жылуын пайдаға асыратын құрылғылар (ЕЭР).

Ғимараттарды, құрылымдарды ішкі жылумен қамтамасыз етудегі ЕЭР мен ЖЭК пайдаланудың, жылу генерациялық құрылғылар сызбасын таңдаудың мақсатқа сәйкестілігі ЖЭК пен ЕЭР түсуінің біркелкі еместігін ескере отырып техникалық-экономикалық есептеулермен негізделуі тиіс.

9.5 Жылу желілері

9.5.1* Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жертөлелерінде (техникалық дәліздерінде) қауіпсіздік және пайдалану қиындықтары үшін диаметрі 150 мм астам жылу желілерін салуға болмайды. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың жылу торақтарын ғимаратқа жылу магистралдарының транзиттік өтуін қоспағанда, ғимаратқа кіретін жылу магистралының тікелей жақын жерінде орналастыру керек. Егер жертөледе төселген желілерді алып тастау мүмкін болмаса, диаметрі 150 мм дейінгі жылу магистралінің құбырларымен ғимараттың транзиттік көлденең қимасы, егер биіктігі 1,8 м кем емес, ені 1,5 м кем емес техникалық дәліз болса, құбырлардың үсіне бір рельсті құрылғы және дренаждын ғимараттың сыртына шығаруға рұқсат етіледі ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018 ж. №215-НҚ бұйрық)***.

Диаметрі 800 м дейінгі жылу желілерін жер астымен жүргізу, әдетте, заманауи

оқшаулағыш төсемдерді қолдана отырып арнасыз, ал диаметрі 800 мм асатын жылу желілерін арналармен жасалады.

Жылу жүйелерін өнеркәсіптік аймақтарда, жер үстімен жүргізуге рұқсат етіледі, ал тұрғындар тұратын аймақтарда жер астымен жүргізу мүмкін болмаған жағдайда – белгіленген тәртіпте берілген арнайы техникалық шарттармен сәйкес жүзеге асырыла алады.

9.5.2 Арнасыз жүргізуді адамдар көп жиналатын жерлерде (вокзал маңындағы алаңдардағы, сауда кешендерінің, дем алатын орындардағы кіреберіс жерлердің жанына), сонымен қатар жолдың өтетін жері астына жүргізуге тыйым салынады.

Ішкі жылумен қамтамасыз ету желілерін бір арнада жүргізуге (жылу, ыстық сумен қамтамасыз ету) рұқсат етіледі.

9.5.3 Оқшаулаудың жер асты құрылғыларына жылу желілерінің құбырларын көше жолдары тораптары шеңберінде жүргізу үшін арматураның камерасыз құрылғысы ұсынылады.

Оқшаулаудың жер асты құрылғыларына жылу желілерін жер асты суы көп жиналған топырақтарда монтаждау кезінде жүргізу аймағын сорғыту жолымен су деңгейін жасанды төмендетуді қолдану керек.

9.5.4 Сенімділік, пайдалану ұзақтығы арттыру мен пайдалануға кететін шығынды азайту үшін полиэтиленді гидроқорғаныс қабықтары пенополиуретаннан жасалған индустриялды жылу оқшаулығышы бар болат құбырларды қолдануға рұқсат етіледі.

9.5.5 Жылу желілерін жобалау және жасау кезінде жылуды гидроэзоляциялау құбырларының тиімділігі жоғары, энергияны үнемдейтін заманауи құрылымдарын қолдану қажет.

9.5.6 Өтетін жол арқылы жылу желілерінің өтуі тік бұрышта, күшейтілген жол тақталарымен жабылған өтпейтін арналарда, аз ғана тереңдікте, олардағы қозғалмайтын тіректің, бұрылыс бұрыштары мен компенсаторлардың болуы қарастырмай-ақ орындалуы керек, ал өтетін жолдан тыс аймақтарда жолдың асфальттанған төсемін ашпай-ақ құбырларды ауыстыру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін монтаждау арналары құрылғыларымен орындау керек. Ашық тәсілмен өтетін жол арқылы жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда тесуді және жылу трассасы астында қаптама құрылғысын қарастыру, сонымен үшқабатты таттануға қарсы жабыны бар 3 гильза салу оның біреуі жылу беретін құбыры жағынан резервтік.

9.5.7 Күзету аймақтарын құру бойынша жүргізілетін жұмыстың Тәртібі ҚР Үкіметінің қаулысымен бекітілген [27] жылу желілері нысандарын күзету ережелерімен сәйкес жүргізіледі.

9.6 Суықпен жабдықтау

Суықпен жабдықтау жүйелерін жобалау кезінде ҚНжЕ 4.02-42 талаптарын ескеру қажет.

9.7 Газбен жабдықтау

9.7.1 Аз қабатты тұрғын үйлер құрылысын салатын топтар үшін жылу және ыстық сумен

қамтамасыз етуде, әдетте, газ отынымен жылу берудің жеке көздері қарастырылуы тиіс.

9.7.2 Тұрғындары газ пайдаланатын аудандарға газ шығысы есебін анықтау үшін 16 Кестеде келтірілген газдың меншікті максималды-сағаттық шығысын алу керек.

Елді мекендер ішінде орналасқан газ толтыратын бөлімшелерді (ГГБ), мүмкіндігінше, тұрғын үй құрылысына қатысты жел соғатын жақтан орналастыру қажет.

16-кесте - Газдың меншікті максималды-сағаттық шығысы

Құрылыс типттері	33,6 мДж/м3 (8000 ккал/м3) жылу беру мүмкіндігіндегі сағатына 1 адамға жұмсалатын
Орталықтан жылытылатын және ыстық сумен қамтамасыз етілген көпқабатты	0,04
Жылудың және ыстық сумен қамтамасыз етудің жеке көзімен аз	
- 1 адамға жалпы көлемі 20 м^2 қамтамасыз етілген нормада	0,63-0,45
- 1 адамға жалпы көлемі 30 м^2 қамтамасыз етілген нормада.	0,88-0,62
- 1 адамға жалпы көлемі 40 м^2 қамтамасыз етілген нормада	1,14-0,79
Ескертпе – Коммуналдық – тұрмыстық бағыттағы кәсіпорындарды (моншалар, кір жуатын мекемелер, химиялық тазалау қызметі) орналастыру қажет болған жағдайда олар ерекше ескерілуі керек. Коммуналдық-тұрмыстық секторы кәсіпорындарындағы газ шығысын анықтауда 1 тұрғынға жұмсалатын 0,0085 куб.м/сағат немесе 30 куб.м/жыл құрайтын газ жұмсалуының кешенді нормасы қолданылады.	

9.7.3 ГТП–не баллондардың аралық қоймаларына арналған жер телімдерінің аудандарын 0,5 га көп емес, ал ГТС үшін олардың өнімділігіне байланысты жоба бойынша га, көп емес, өнімділігі:

- жылына 10 мың т 6
- жылына 20 мың т 7
- жылына 40 мың т 8

болатын станциялар үшін алу керек

9.8 Электрмен және байланыс құралдарымен қамтамасыз ету

9.8.1 Электр желілері мен құрылымдарының жобалары құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес келетін ҚР ҚБҚ 4.04-191, РҚ ҚН 4.04-23Қазақстан Республикасының электр қондырғыларын құру ережелері Талаптарын (ЭҚҚЕ) [24] қанағаттандыруы керек.

9.8.2 Электр энергиясының шығысы мен көздердің қуаттылығына қажеттікті белгілеу қажет:

- өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар өтініші, жаңа, қайта жаңғыртылып жатқан немесе сондай кәсіпорындардың жобалары бойынша, сонымен қатар жергілікті ерекшеліктерді ескере отырып, ірілендірілген салалық көрсеткіштер бойынша;
- шаруашылық-тұрмыстық және коммуналдық мұқтаждықтар үшін электрмен

жабдықтау бойынша қолданыстағы салалық нормаларға сәйкес.

Электр тұтынудың ірілендірілген көрсеткішін И Қосымшасына сәйкес қабылдауға рұқсат етіледі.

Тұтынылатын қосылған қуаттылықты анықтау кезінде және тұтынушылар қосқан электр энергиясы шығысының есептік көрсеткіштерін анықтау ҚР ҚБҚ 4.04-151 және ҚР ҚБҚ 4.04-11 сәйкес жүзеге асырылады.

9.8.3* Кернеуі 10 кв жабық трансформаторлық қосалқы станцияларда (ТҚС), тарату пункттерінде (ТП) және кернеуі 35 кв және одан да жоғары электр қосалқы станцияларында (ҚС) ХҚН 2.04-03 сәйкес шу қорғанысын көздеу қажет.

Жеке тұрған ТҚС мен ТП орналастыру кезінде олардан тұрғын және қоғамдық ғимараттарға дейінгі қашықтықты шу мен дірілдің рұқсат етілген деңгейін, сондай-ақ ҚС талаптарын ескере отырып қабылдау қажет.

Жеке тұрған ТҚС мен ТП салу орынсыз болған жағдайда оларды тұрғын үй мен қоғамдық ғимараттарға қосып салуға:

- ТҚС мен ТП-ны ғимараттың басқа үй-жайларынан өртке қарсы 1 типтегі қабырғалармен және 2 типтегі жабындармен бөлген;

- электромагниттік сәулелерден, шумен тербелістен нормативті қорғанысты қамтамасыз еткен;

- ҚР ҚН 4.04-23 (3-бөлім), ҚР ЭҚҚЕ (тараулардың және 7.1-тараудың бөлімдері) нормалары талаптарын сақтаған жағдайларда рұқсат етіледі.

ТҚС мен ТП қауіпсіздік, сенімді пайдалану нормаларын қамтамасыз еткен жағдайда және энергия беретін ұйымның келісімі бойынша жертөлелік үй-жайларда орналастыруға рұқсат етіледі.

Жобалауға арналған тапсырмада айқындалған және электрмен жабдықтаушы ұйыммен келісілген жертөлелік үй-жайларда ТҚС мен ТП орналастыру қажеттігі туған жағдайда РУ-10 кв үй-жайларына жедел-жөндеу персоналдары үшін қауіпсіздік, сенімді пайдалану нормаларын сақтаумен және сыртқа шығуды ұйымдастырумен қамтамасыз етілуі тиіс. ***(Өзгерт.ред. – ҚТҮКШІК 09.07.2021 ж. №98-НҚ бұйрық)***

9.8.4 Кернеулігі 110 кВ және одан да жоғары электр желілерін тұрғын үй мен қоғамдық-іскерлік аймақтарының, сонымен қатар курорт аймақтарының аумағында терең жүргізілген төмендетілген қосалқы бекеттерге кабельді желімен жүргізуді қарастыру керек.

9.8.5 Ғимараттар мен құрылымдарды электрмен жабдықтау кезінде энергияның жаңа көздерін: күн және жел энергиясын пайдалануға көңіл бөлген жөн. Ғимараттар мен құрылымдар үшін жаңа электр энергиясы көздерін пайдалану, электр генерациялаушы құрылғылар сызбасын таңдау техникалық-экономикалық есеппен негізделуі тиіс.

Жобалауға берілген тапсырмамен сәйкес электр энергиясын есептеуде автоматтандырылған бақылау жүйесін қолдануға рұқсат етіледі.

9.8.6 Электр берудің әуе және кабельді желілері үшін 1000 В дейін және одан жоғары электр желілері қорғау аймақтары Ережелеріне сәйкес күзет аймақтарын қарастыру. ТҚБ мен ТБ үшін күзет аймағын ғимараттың периметрі бойынша 3 м қашықтықта орналастыру керек.

(9.8.7 – 9.8.10-тармақтармен толықтырылды – ҚТҮКШІК 09.10.2018ж. №215-НҚ бұйрық)

9.8.7 110 кВ немесе одан жоғары кернеуі бар жаңа ашық қосалқы станцияларды жаппай тұрғын үй құрылысы аудандарында және қолданыстағы тұрғын аудандарда орналастыруға тыйым салынады.

9.8.8 110 кВ және одан жоғары кернеуі бар әуе желілері тек қана тұрғын және қоғамдық-іскерлік аймақтардан тыс жерлерге орналастырылады.

220 кВ-ға дейінгі және одан жоғары кернеулі транзиттік электр жеткізу желілері резервтік аумақтарды қоспағанда, елді мекендер шекарасында таратуға жол берілмейді. Жоғары вольтты желілер дәлізінің ені мен оны қолданудың рұқсат етілген режимі, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін алу үшін санитариялық қағидалар мен нормалар анықталады.

9.8.9 Қалаларды реконструкциялау кезінде 35-110 кВ және одан жоғары электр энергиясын қолданыстағы электр энергиясын шығаруды немесе тұрғын және қоғамдық бизнес аймақтарынан тыс кабель желілерін ауыстыруды қамтамасыз етіледі.

9.8.10 Қалалардың және басқа елді мекендердің барлық аумақтарында төрт қабатты және одан жоғары ғимараттарды салу кезінде, кернеуі 20 кВ дейінгі қоса алғанда (барлық кернеу желісінің курорттық аймақтары аумағында) электр желілері кабельдік желілермен жабдықталынады.

9.9 Инженерлік желілерді орналастыру

9.9.1 Жақын маңдағы жер асты инженерлік желілерінен ғимараттар мен құрылымдарға дейінгі көлденеңі бойынша арақашықтықты 17 кестемен сәйкес алу керек.

9.9.2 Іргелес жатқан инженерлік жер асты желілері арасындағы көлденеңі бойынша арақашықтықты олар қатар орналасқан жағдайда 9.5 кесте бойынша қабылдау керек, ал инженерлік желілерді елді мекендердегі ғимараттарға жүргізуде-05м кем болмауы тиіс. 9.5 кестеде көрсетілген іргелес жатқан құбырларына салу тереңдігіндегі айырмашылықта 0,4м жоғары арақашықтықты траншея (ор) баурайының құламалылығын ескере отырып, бірақ траншеяның үйме табанына және ойықтың бровкасына дейінгі тереңдігімен кем етпей үлкейту керек.

17-кесте - Жер асты инженерлік желілерінен ғимараттар мен құрылымдарға дейінгі көлденеңі бойынша арақашықтық

Инженерлік желілер	Жер асты желілерінен дейінгі, көлденеңінен арақашықтық, м								
	Ғимараттар мен имараттардың іргетас-тарына	Кәсіпорындардың, эстакадалардың,темір жол,байланыс пен түйісу желілері тіректерінің іргетастарына	ең шеткі жол осьтері		жолдың, көшенің ернеулік тасына дейін өтетін жол жиектеріне, жол шетінің бекітілген белдеуіне	Кюветтің сыртқа бровкасына немесе жолдың үйме табанына	Кернеулікте электрберудің әуе желілері тіректерінің		
			темір жол рельстерінің 1520 мм, бірақ траншеяның үйме табаны мен бровкасына дейінгі тереңдік тен кем емес	трамвай, темiржол рельстерінің 750мм			Сыртқы жарықтандырудың 1кВ дейін, троллейбус, трамвайлардың түйесу желілеріне дейін	1-ден 35 кВ аса	35-тен 110 кВ дейін және жоғары
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**
Су құбыры және қысымды кәріз арнасы	5	3	4	2,8	2	1	1	2	3
Өздігінен ағатын қәріз арнасы (тұрмыстық және жаңбырлық)	3	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3
Сорғытқы	3	1	4	2,8	1,5	1	1	2	3
Ілеспелі сорғытқы Дренаж	0,4	0,4	0,4	0	0,4	-	-	-	-
Жанатын газ құбырлары, қысым, МП а (кгс/см):									
0,005 (0,05) дейін төмен	2	1	3,8	2,8	1,5	1	1	5	10
Орташа 0,005 (0,05) аса дейін	4	1	4,8	2,8	1,5	1	1	5	10
Жоғары:									
0,3 (3) аса 0,6 (6)	7	1	7,8	3,8	2,5	1	1	5	10
0,6 (6) аса 1,2 (12) дейін	10	1	10,8	3,8	2,5	2	1	5	10
Жылу желілері:									
Каналдың, тоннельдің сыртқы қабырғаларынан	2 (3 ескертпені қараңыз)	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3

17-кесте - Жер асты инженерлік желілерінен ғимараттар мен құрылымдарға дейінгі көлденеңі бойынша арақашықтық *(жалғасы)*

Арнасыз жүргізу қабығынан	5	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3
Барлық кернеуліктегі күштік кабельдер мен байланыс	0,6	0,5	3,2	2,8	1,5	1	0,5*	5*	10*
Каналдар, коммуникациялық	2	1,5	4	2,8	1,5	1	1	2	3*
Сыртқы пневмоқоқыс-салғыш	2	1	3,8	2,8	1,5	1	1	3	5

* Тек күштік кабельдерден кейінгі арақашықтыққа қатысты

Ескертпелер

1 Жер асты инженерлік желілерін түйісу желілерінің, құбырлардың тіректері мен эстакадаларының шегінде жүргізуді іргетастардың отыруы жағдайында желілердің зақымдану мүмкіндігін, желілердегі авария кезінде іргетастардың зақымдануын болдырмау шараларын орындаған жағдайда ғана қарастыруға болады. Құрылыстық суды төмендетуді қолданумен жүргізуге жататын инженерлік желілерді орналастыру кезінде олардың ғимараттар мен құрылымдарға дейінгі арақашықтығын негіз топырақтарының беріктілігінің бұзылу мүмкіндігін ескере отырып белгілеу қажет.

2 Арнасыз жүргізу кезінде жылу желілерінен ғимараттар мен құрылымдарға дейінгі арақашықтықты су құбыры үшін алынған арақашықтық сияқты қабылдау керек.

3 110-220 кВ кернеудегі күштік кабельдерден кәсіпорын қоршауларының, эстакадалардың, түйісу желілері мен байланыс желілері тіректерінің іргетастарына дейінгі арақашықтықты 1,5м қ етіп алу керек.

4 Метрополитеннің шойыннан сонымен қатар 20м тереңдікте орналасқан желімдегіш гидрооқшаулағышы бар темірбетоннан немесе бетоннан жасалған жер асты құрылғыларының төсемінен (төсем үстінен жер бетіне дейін) кәрізге, су құбырына, жылу желілеріне дейінгі арақашықтықты -5м; желімдегіш гидрооқшаулағышы жоқ төсеммен кәріз желілеріне дейін-6м; қалған су әкелетін желілер үшін-8м; төсемнен кабельге дейін 10кВ-1м, 35кВ-3м деп қабылдау керек.

5 Топырағы отырмайтын суарылатын аудандарда жерасты инженерлік желілерінен суаратын каналдарға (каналдардың бровкасына дейінгі) дейінгі арақашықтықты қабылдау керек, м: төмен және орташа қысымды газ құбырынан, сонымен бірге су құбырларынан, кәріздерден, суағарлардан және жанғыш сұйықтықтар құбырларынан-1; 0,6 МПа (6кгс/см) жоғары қысымды газ құбырларынан, жылу құбырларынан, шаруашылық-тұрмыстық және жаңбырлық кәріздерден -2; күштік кабельдер мен байланыс кабельдерінен-1,5; көше желілерінің суаратын каналдарынан ғимараттар мен құрылымдар

18-кесте - Қауіпсіздік пен сенімділік талаптарын қамтамасыз ететін арақашықтықтар

Инженерлік желілер	Көлденеңінен (жарыққа) дейінгі арақашықтық, м											
				Газ құбырының қысымы МПа (кгс/см^2)						Жылу желілерінің			
						жоғары							
	су құбырының	Тұрмыстық кәріздің	Сорғытқы мен жаңбырлық кәріздің	Төменгінің дейінгі 0,005 (0,05)	Орташаның 0,005 (0,05) аса 0,3 дейін (3)	0,3 (3) Аса 0,6 дейін (6)	0,6 (6) аса 1,2 дейін (12)	Барлық кернеуліктегі күштік кабельдерден	Байланыс кабелінен	Канал мен тоннельдің сыртқы қабырғасы	Арнасыз жүргізудің қабығы	Каналдар мен тоннельдер	Сыртқы қоқыс салғышатардың
1	**2**	**3**	**4**	**5**	**6**	**7**	**8**	**9**	**10**	**11**	**12**	**13**	**14**
Су құбыры	1 ескертуды қара	См. прим. 2	1,5	1	1	1,5	2	0,5*	0,5	1,5	1,5	1,5	1
Тұрмыстық кәріз	2 ескертуды қара	0,4	0,4	1	1,5	2	5	0,5*	0,5	1	1	1	1
Жаңбырлық кәріз	1,5	0,4	0,4	1	1,5	2	5	0,5*	0,5	1	1	1	1
Газ құбырының қысымы МПа (кгс/см^2)													
Төменгі 0,005 (0,05) дейін	1	1	1	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	2	1	2	1
орташа. 0,005 (0,05) аса 0,3 (3)дейін	1	1,5	1,5	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	2	1	2	1,5
Жоғары													
0,3 (3) аса 0,6дейін (6)	1,5	2	2	0,5	0,5	0,5	0,5	1	1	2	1,5	2	2
0,6 (6) аса 1,2 (12)дейін	2	5	5	0,5	0,5	0,5	0,5	2	1	4	2	4	2
Барлық күштік кабельдер	0,5*	0,5*	0,5*	1	1	1	2	0,1-0,5*	0,5	2	2	2	1,5
Байланыс кабельдері	0,5	0,5	0,5	1	1	1	1	0,5	-	1	1	1	1

18-кесте - Қауіпсіздік пен сенімділік талаптарын қамтамасыз ететін арақашықтықтар *(жалғасы)*

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
Жылу желілері													
Каналдың, туннелдің сырт қабырғаларынан	1,5	1	1	2	2	2	4	2	1	-	-	2	1
Арнасыз жүргізу қабығынан	1,5	1	1	1	1	1,5	2	2	1	-	-	2	1
Каналдар, тоннельдер	1,5	1	1	2	2	2	4	2	1	2	2	-	1
Сыртқы қоқыс салғыштар	1	1	1	1	1,5	2	2	1,5	1	1	1	1	-

* ҚР Электрқондырғылары құру (ЭҚҚ) Ережелерінің 2-бөлімі талаптарына сәйкес.

Ескертпелер

1 құбырының бірнеше желілерін қатар жүргізу кезіндк олардың арасындағы арақашықтықты 4.01-02 ҚРН мен ЕЖ сәйкес техникалық және инженерлік-геологиялық жағдайларға байланысты қабылдау керек.

2 Тұрмыстық кәрізден шаруашылықтық ауыз су су құбырына дейінгі арақашықтықты қабылдау керек, м: темірбетонды және асбестцементті су құбырына дейін –ғ; диаметрі 200мм дейінгі шойын құбырлардан жасалған су құбырына дейін-1,5, диаметрі 200мм асса -3; пластмассадан жасалған су құбырына дейін -1,5.

Өндірістік су құбыры мен кәріз арналары арасындағы арақашықтық құбырлардың материалы мен диаметріне, сонымен бірге топырақтың сипаты мен номенклатурасына байланысты 1,5 м болуы тиіс.

3 Газ құбырларын қатарластырып жүргізуде диаметрі 300мм дейінгі құбырлар үшін олардың арасындағы арақашықтықты 0,4м және 300мм асса бір траншеяға екі не одан көп газ құбырларын бірге орналастыру кезінде -0,5м.

4 9.5 Кестеде болаттан жасалған газ құбыларына дейінгі арақашықтық көрсетілген. Металл емес газ құбырларын орналастыруды мен ХҚН 4.03-1 сәйкес қарастыру қажет.

9.9.3 17 және 18 кестелерде көрсетілген арақашықтықтарды қауіпсіздік пен сенімділік талаптарын қамтамасыз ететін техникалық іс-шараларға сәйкес орындау кезінде кішірейтуге рұқсат етіледі.

9.9.4 Өрт гидранттарын автомобиль жолдары бойынша өтетін жол шетінен 2,5-ден м артпайтын, бірақ ғимарат қабырғаларынан 5м арақашықтықта орналастыруды қарастыру керек; гидранттарды өтетін жолға орналастыруға рұқсат етіледі. Гидранттарды су құбыры желісінің тармақтарына құруға жол берілмейді.

Сыртқы сөндіру үшін 100 л/с мөлшерде су жұмсау ғимараттар мен құрылыстардан 150м аспайтын арақашықтықта дөңгелек су құбыры желілеріне құрылған 3 гидранттан қамтамасыз етілуі тиіс.

Ғимараттар қабырғаларында өрт гидранттарының жарық көрсеткіш құрылғыларын қарастырған жөн.

9.9.5 Ауладағы қасбетке және кіру аркаларының қабырғаларына газ желілерін ашық штрабта жүргізуге болады. Газ желілерін қасбеттің (фасадтың) бет жағына (оның ішінде кіру құрылғысын аркалық өту жолы жанында сырттан), сонымен қатар тарих пен мәдениет ескерткіштері болып табылатын ғимараттардың аулалық фасадына жүргізуге рұқсат етілмейді.

9.9.6 Газ құбырлары әр түрлі тағайындаулардағы тоннельдермен немесе каналдармен газ қиылысқан кезде осы құрылымдардың астына немесе үстіне каналдардың немесе тоннельдердің сыртқы қабырғаларынан екі жаққа 2 см шығып тұратын металл қаптамаларда орналастыру керек.

Газ құбырларын тоннельдер астына жүргізуге болмайды.

9.9.7 Метрополитен құрылымдарының инженерлік желілермен қиылысын 90 бұрышпен қарастыру керек, қайта жаңғырту кезінде қиылысу бұрышын кішірейтуге болады.

Қиылысатын телімдерде құбырлар бір жаққа еңкіш болуы керек (болат қаптамалар, монолитті бетонды және темірбетонды каналдар, коллекторлер, тоннельдер). Метрополитен құрылымы төсемнінің сыртқы бетінен қорғаныс құрылымдарына дейінгі арақашықтық әрбір жаққа 10м кем болмауы тиіс, ал тігінен рельс төсемі немесе табаны (жер үсті желілерінде) қорғаныс құрылымы арасында-1м кем болмауы керек.

Ескертпелер

1 20м және одан да көп тереңдікте метрополитен құрылымы орналасқан жерлерде (құрылымның жоғары жағынан жер бетіне дейінгі), сонымен қатар метрополитен құрылымы төсемінің жоғарғы жағы мен инженерлі желінің қорғаныс құрылымдарының төменгі жағы арасында саз, тасты немесе жартылай тасты куаттылығы 6м кем емес топырақ жатқан жерлерде бұл талаптар метрополитен құрылымдарының инженерлік желілермен қиылысына қойылмайды, ал қорғаныс құрылымдарының құру талап етілмейді.

2 Метрополитен құрылымының қиылысқан жерлерінде шойыннан жасалған құбырларды суағарлары және бекіту тиегі бар құдықтардың қиылысу телімінің екі жағынан қиылысу құрылғыларымен қарастыру қажет.

9.9.8 Жер асты инженерлік желілер жүргінші өтетін жермен қиылысқан кезде құбырларды туннель астына, ал күштік және байланыс кабельдерін тоннель үстіне жүргізу қарастырылуы керек.

9.9.9 Орамшілік (кварталішілік) инженерлік құрылымдарды мына жайларда орналастыру қарастырылуы мүмкін:

Ғимараттарға жапсарлай салынған; ғимараттарға қосылып салынған; жеке тұрған ғимараттарда; ашық қоршалған алаңшаларды; ғимараттардың сыртқы қабырғалары жанында немесе бөлек тұрған тіректерде.

(9.9.10 – 9.9.12-тармақтармен толықтырылды – ҚТҮКШІК 11.10.2017ж. №214-НҚ бұйрық).

9.9.10 Төменде берілген кестенің 1-тармағында белгіленген магистральдық құбырдан ең аз қашықтық шегінде елді мекендердің шекараларын белгілеуге рұқсат етілмейді.

Магистральдық құбыр елді мекен шекарасының (шегінің) ұлғаю салдарынан елді мекен шекарасында (шегінде) орналасқан жағдайда, магистральдық құбырға жатпайтын тұрғын және өзге объектілерді төменде берілген кестеде белгіленген ең аз қашықтық шегінде салуға тыйым салынады.

9.9.11 Жолдың ені 22 метрден асатын болса, көшенің екі жағында су құбыры желілерімен жабдықталады.

9.9.12 Кернеуі 10 кВ дейінгі жылумен, сумен жабдықтау желілерін, байланыс кабельдерін және қуат кабельдерін мезгілде орналастыру кезінде орамішілік инженерлік желілерді төсеуді өтпейтін және жартылай өтетін орамішілік каналдарда жүргізу қажет.

18-1- кесте - Газ құбырының, мұнай құбыры мен мұнай өнімдері құбырының осінен объектіге, ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтық ***(Толықтырылды – ҚТҮКШІК 11.10.2017ж. №214-НҚ бұйрық)***

Объектілер, ғимарат және құрылыстар	Осінен ең аз қашықтық (м)											
	газ құбыры								мұнай құбыры және мұнай өнімдері құбыры			
	Сыныбы											
	I						II		IV	III	II	I
	Атаулы диаметр											
	300 және төмен	300-ден жоғ. 600-ге дейін	600-ден жоғ. 800-ге дейін	800-ден жоғ. 1000ға дейін	1000-жоғ. 1200-дейін	1200-жоғ. 1400-дейін	300 және төмен	300-жоғары	300 және төмен	300-ден жоғ. 500-ге дейін	500-ден жоғ. 1000-дейін	1000- жоғ. 1200-дейін
1.Тұрғын ғимараттар, адамдардың көп шоғырланатын ғимараттары (объектілері) (мектеп, емхана, клубтар, балабақшалар мен бөбекханалар, вокзалдар және т.б.); бау-бақшалы үйлері бар коллективтік бау-бақшалар, саяжай мекені, жеке өнеркәсіптік және ауыл шаруашылық кәсіпорындары; жылыжай комбинаттары мен шаруашылықтары; құс фабрикасы; сүт зауыттары; гараждар мен жеке автокөлік иелері үшін 20-дан аса көлікке арналған ашық тұрақтар; темір жол станциялары; әуежайлар; теңіз және өзен порттары мен жағалауы; көлемі 1000 $м^3$ жоғары тез тұтанатын және жанғыш сұйықтар мен газдарға арналған сақтау қоймалары; автожанармай құю станциялары; мачталар (мұнаралар) және көп каналды радио реле желілерді салатын технологиялық байланыс құбырлары,	100	150	200	250	300	350	75	125	75	100	150	200

18-1- кесте - Газ құбырының, мұнай құбыры мен мұнай өнімдері құбырының осінен объектіге, ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтық *(жалғасы)*

мачталар (мұнаралар) және көп каналды радио реле желілік байланыс құрылыстары; телевизиялық мұнаралар												
2. Жалпы желілердің темір жолдары және параллель құбыр төселген I-III категориялық автожолдар; жеке тұрған: бақшалық үйлер, саяжайлар; желі тексерушілердің үйлері; зираттар; ауыл шаруашылық фермалары мен ұйымдастырылған мал жаятын қоршалған учаскелер; далалық қостар	75	125	150	200	225	250	75	100	50	50	75	100
3. Жеке тұрған тұрғын емес және көмекші құрылым; бұрғылау сағасы мен артизан ұңғымасын пайдалану; гараждар мен жеке автокөлік иелері үшін 20-дан аса көлікке арналған ашық тұрақтар; кәріз құрылымы; өнеркәсіп кәсіпорындарының темір жолдары; IV, V категориялық параллель құбыр төселген автокөлік жолдары	50	50	100	150	175	200	50	50	50	50	50	50
4. Өнеркәсіп кәсіпорындары-ның темір жол көпірлері, 20м –ден жоғары аралықтағы автокөлік жолдары (көпір астында ағыспен мұнай құбыры мен мұнай өнімдерінің құбырын төсегенде)	75	125	150	200	225	250	75	125	75	100	150	200
5. Мұнайды қайта айдау станцияларының аумағы, компрессорлық станция, мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысы, жер асты газ сақтау станциялары, кәсіпшіліктің топтық және жинау пункте-рі,кәсіпшіліктің газ тарату станциялары,	75	125	150	200	225	250	75	125	50	50	50	50

18-1- кесте - Газ құбырының, мұнай құбыры мен мұнай өнімдері құбырының осінен объектіге, ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтық *(жалғасы)*

газды тазалау және кептіру қондырғысы												
6. Тік ұшақ айлағы мен базаға тік ұшақты тіркемей қондыру ауданы	50	50	100	150	175	200	50	50	50	50	50	50
7. Суасты мұнай және мұнай өнімдері құбырларының ағыстан жоғары жатқанында												
-темір және автокөлік жолдарының көпірлерінен, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен гидротехникалық құрылымдардан;	-	-	-	-	-	-	-	-	300	300	300	500
- кемежай айлағы мен өзен вокзалдарынан;	-	-	-	-	-	-	-	-	1000	1000	1000	1500
- су қабылдағыштардан	-	-	-	-	-	-	-	-	3000	3000	3000	3000
*8. Газбен қамтамасыз етуге арналған газ тарату станциясының аумағы, автоматтандырылған газ тарату станциясы, реттеу станциясы, оның ішінде шкафты үлгідегі реттеу станциясы:												
а) қалаларды; елді мекенді; кәсіпорындарды; жеке тұрған ғимарат пен құрылыстарды; басқа да тұтынушыларды	100	100	100	125	150	175	100	100	-	-	-	-
б) газ құбырларының объектілерін (газ шығынын өлшеу орны, жылу электрогенераторлары және т.б.) *(Өзгерт.ред. – ҚТУКШІК 29.08.2018 ж. №185-НҚ бұйрық)*	100	100	100	100	100	100	100	100	-	-	-	-
9. Автоматтан-дырылған жылу электр генераторлы электр станциялары; телемеханика мен автоматиканың байланыс аппаратуралары *(Өзгерт.ред. – ҚТУК ШІК 29.08.2018 ж. №185-НҚ бұйрық)*	шеткі желіден кемінде 50											

18-1- кесте - Газ құбырының, мұнай құбыры мен мұнай өнімдері құбырының осінен объектіге, ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтық *(жалғасы)*

10. Магистральдық суару ар-налары мен коллекторлар, жанында құбыр тартылған өзендер мен тоғандар; су жинау құрылғылары мен суару жүйесінің станциясы	50	50	50	50	50	50	50	50	75	100	150	200
11. Арнайы кәсіпорын құрылымдарыы, аудандар, қорғанатын аймақтар, жарылғыш заттар мен жарылыс қаупі бар заттардың қоймасы, пайдалы қазбаларды қазу (карьерлер), жарылыс жұмыстарын қолданатын өндіру жұмыстары, сұйытылған жанғыш газдар қоймасы	Мүдделі ұйымдар мен тиісті мемлекеттік қадағалау органдарымен келісім бойынша											
12. Параллель құбыр тартылған жоғары кернеулі ауалық электр тасымалдау желілері, трассаның тығыз шектеулі орналасқан жағ-дайында параллель құбыр тартылған жоғары кернеулі ауалық электр тасымалдау желілері; құбырлармен қиылысқандағы жоғары кернеулі электр тасымал-даудың ауалық желісінің негіздері; ашық және жабық трансформаторлық қосалқы станциялар және кернеуі 35 кВ және одан жоғары жабық тарату құрылғылары	ҚР электр қондырғыларын орнату қағидаларының талаптарына сәйкес											
13. Құбырдан апаттық жағдайда мұнай мен конден-саттың төгілуіне арналған жер асты қоймасы (қамбасы)	50	75	75	75	100	100	50	50	50	50	50	50
14. Қалааралық байланыс кабельдері мен күштік электр кабельдері	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10

18-1- кесте - Газ құбырының, мұнай құбыры мен мұнай өнімдері құбырының осінен объектіге, ғимараттар мен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтық *(жалғасы)*

*15. Аз каналды радиореле байланыс құбырларымен қызмет көрсетпейтін діңгектер (мұнаралар) және құрылыстар, магистральдық құбыр объектілерінің жылу электрлік генераторлары *(Өзгерт.ред. – ҚТУКШІК 29.08.2018 ж. №185-НҚ бұйрық)*	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15	15
*16. Жерасты жылу камераларындағы қызмет көрсетілмейтін күштік пунктің кабельдік байланысы *(Өзгерт.ред. – ҚТУКШІК 29.08.2018 ж. №185-НҚ бұйрық)*	30	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10	10

Ескертпелер

1 Осы кестеде көрсетілген ара қашықтықты: қабылдау керек: өнеркәсіптік кәсіпорындарда, темір жол станцияларында, ұшақ айлақтарында, теңіз бен өзен порттары мен кемежай айлағында, гидротехникалық құрылымдарда, тез тұтанатын және жанғыш материалдар қоймасында, артезанды ұңғымаларда – өздеріне бекітілген шекара аумағынан олардың ұлғаюын ескере; темір жолдар үшін – табанның үйіндісінен немесе қазылған ор жиегінен құбырға қарай, жол жиегіндегі шектелген ұзындық шегіне 10м-ден кем емес; автокөлік жолдары үшін – жер төселімінің табан үйіндісінен; барлық көпірлер үшін – конустың табанынан; жеке тұрған ғимарат пен құрылымдар үшін – жақын арадағы бөліктерден.

2 4 және 7 поз. көрсетілмеген темір және автокөлік жолдарының көпірлерінен ең аз қашықтықты тиісті жолдарға сәйкестендіріп қабылдау қажет.

3 Газ құбырының осінен жер үстіндегі ғимарат пен құрылыстарға дейінгі ең аз қашықтықты, 1-поз. қарастырғандай, 2 есеге ұлғайтып қабылдаймыз. Ал 2-6 мен 8-10 және 13- поз.–ларды 1,5 есеге. Бұл талаптар жер үстіндегі ұзындығы 150м-ден жоғары аралықтағы учаске бөліктеріне қатысты.

4 Берілген кестеде жоқ объектілерге дейінгі ара қашықтықты тиісті мемлекеттік қадағалау органдары мен мүдделі ұйыммен келісіп қабылдайды.

5 Мұнай және мұнай өнімдері құбырларын жер үсті төселу кезінде өнеркәсіптік кәсіпорындардан, ғимараттар мен құрылыстардан құбыр осіне дейінгі рұқсат етілетін ең аз қашықтықты осы кестедегі жер асты мұнай құбырларына берілгендей қабылдаймыз, бірақ 50м-нен кем емес.

6 Атмосфераға газдың шығып кетуі немесе шығарылуы мүмкін газ құбырлары мен басқа да объектілерді ұшақ пен тік ұшақ айлағы әуе жолдарының жолағынан шектелген жерде орналастыру керек.

7 Кестедегі «-» белгі арақашықтықтың регламенттелмейтінін білдіреді.

8 Осы кестеде көрсетілген арақашықтықты елді мекеннің шекара шегінен (сызығынан) тыс жердегі тұрғын және магистральдық құбырға жатпайтын өзге объектілерді салған кезде қолдануға болады.

10 Аймақтың инженерлік дайындығы мен қорғанысын жобалау ережелері

10.1 Қоныс аймағының инженерлік дайындығы бойынша шараларды қалыптасқан инженерлік-геологиялық жағдайлардыескере отырып, олардың өзгеруін болжап, тұрғылықты жерлердің жоспарлық ұйымдасуын және функционалдық аймақтануын ескере отырып қарастырған жөн.

Су басу, су деңгейінің көтерілуі, шөгу, эрозия және т.б. сияқты табиғи және техногенді негіздегі қауіпті геофизикалық процесстердің аймақта өршуі кезінде ХҚН 2.03-02 және ҚР ҚНжЕ 2.03-10 талаптарына сәйкес осы үдерістердің әсерін тұрғындар өміріне қауіпсіз ететін немесе болдырмау жағдайын тудыратын олардыі инженерлік қорғанысы бойынша іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

10.2 Су басу аймағын анықтау және сол жердің инженерлік қауіпсіздігі бойынша қажетті шараларды белгілеу үшін көтерілген сулардың есептеу үшін судың жоғарғы деңгейге көтерілуінің қайталануын қадағалай отырып, орындаған жөн:

– тұрғын-үй, қоғамдық және өндірістік аймақтарда 100 жылда бір рет (1% қамтамасыз етілуімен);

– транспортты және инженерлік инфроқұрылымдары бар шекараларда арнайы нормалар бойынша;

– тұрғындардың демалу орындары үшін 10 жылда бір рет (10 % қамтамасыз етілуімен).

Есептеу кезінде қорғаныс және транспортты құрылыстардың ағындарының қысымы есебінен судың деңгейінің көтерілуін ескеру қажет. Су сақтау бөгеттері мен тоғандарының бұзылу немесе жарылу жағдайы туған кезде «бұзылу толқындары» көкжиегін белгілеуді арнайы есеп жүргізу арқылы анықтаған жөн.

Инженерлік қорғаныс тәсілдерін, сонымен қатар су басу және су деңгейінің көтерілуінен қорғаныстағы құрылыстардың сипатын ҚР ҚНжЕ 2.03-10 талаптарына сәйкестендіре отырып анықтаған жөн.

Ескертпе – Апаттық су басу аймағының шекарасы судың ағыны 1,5 м және одан да көп болатын шекарасы болып табылады және ғимараттың, құрылыстың бұзылуына және адамдардың өліміне әкеліп соғады.

10.3 Жер суының тұрып қалуы жоғары болатын елді мекен аумағында, батпақтанған жерлердежабық дренаждар орнату арқылы күрделі құрылыс жасалатын аймақта топырақтың су деңгейін төмендетуін ескеру қажет. Қалалардың үй-жайлық құрылыс аумағында, ауылдық елдімекендерде және стадиондар, саябақтар, басқа да ортақ қолдануға арналған көгалдандырылған аумақтарда ашық кептіретін жүйе орнатуға жол беріледі.

Аталған іс-шаралартопырақтың су деңгейін төмендету территорияларында: күрделі құрылыста-бетінің жобалық белгілеуінен2 м кем емес; стадиондар, саябақтар, гүл бақтары және тағы басқа жасыл көшеттерден 1 м кем емес ҚРҚН 2.03-04 сәйкес қамтамасыз етілуі керек.

10.4 Қалалық елдімекендердің шекарасын жер суларының уақытша және тұрақты су басуы қаупінен қорғау қажет. Көпқабатты құрылыс аймақтарындағы жер суларының деігейін төмендеті үшін жабық типтегі дренаждарды қолданған жөн. Ашық кептіру желісін уйжайлық құрылыс аймақтарында және саябақтар шекараларында тұрғызуға рұқсат беріледі. Құрылыстың барлық түрлері үшін су құрылымдары жүйесімен

біріктірілген ландшафтты мелиоративті жүйелер қолдануға рұқсат беріледі.

Су басып кетуден қорғауды жобалау кезінде жобалық белгілеуден топырақты сулардың деңгейінің түсуінің минималды тереңдігін былайша қамтамасыз еткен жөн:

– Тұрғын-үй және қоғамдық көпқабатты құрылыстар үшін – 2,0;

– Аз қабатты құрылыстың тұрғын-үй шекаралары және рекреациялы шекаралар үшін – 1,0.

Тұрғылықты жерлердің басқа аймақтарын оларды су басып кетпеуден қорғауды олардың арнайы нормалары бойынша жасау қажет.

10.5 Орнату топырақтары орналасқан шекараларды жоспарлау және салу кезінде үстіңгі ағымның табиғи жағдайларын максималды сақталуын қарастыру қажет. Үстіңгі суларды шығару қиын болған ғимараттар мен құрылыстарға орналастыруға рұқсат етілмейді.

Ірі еңістер түріндегі жергілікті жердің рельефі кезінде салынушы аймақтардың жоспарлауды террасалар арқылы жүзеге асыру қажет. Террассалардан үстіңгі ағымның шығуы жылдам ағыстармен сәйкестендіре отырып құлама негізінде пайда болған жолдың екі жағындағы салынған жыра бойынша жүргізілуі қажет.

10.6 Карьерлер, үйінділер, қайта салынған жер бөліктері тектес антропогендік жұмыстар салдарынан бұзылған шекараларды саябақтар, су қоймалары, тұрмыстық-сақтау орындары арналған қалақұрылыстық пайдану үшін сол шекараның жерінің құнарлылығын қайта қалпына келтіру қажеттілігі туындайды.

Қайта салу аймақтарында немесе топырақ салынған аймақтарда орналасқан құрылыстарды ҚНжЕ 2.01.09 талаптарына сәйкес жүзеге асыру қажет.

10.7 Тұрғылықты жерлердің тік жоспарын мына пункттерді ескере отырып жобалау қажет:

– Аты бірдей құрылыс нормаларының талаптарына сәйкес көше желісі бойынша автокөліктердің қозғалуына және жаяу жүргіншілер жолы үшін қолайлы жағдайлар жасау;

– табиғи рельеф пен отырғызуларды максималды сақтау;

– топырақтың эрозиясын тудырмайтын ашық төбелердегі су ағымының жылдамдығымен үстіңгі ағымның шығарылу ұйымдары;

– тұрғылықты жердің толықтай шегіндегі және жекелеген аймақтардағы жер жұмыстарының көлемінің төбендеуі мен топырақ массаларының балансы.

